

Б.Т. Қабатай, Ү.К. Зейнетоллина, В.А. Қалиева

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 821.512.122.0я72
Қ 13

Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– бөлімнің аты



– жеке жұмыс



– жаңа сабақ



– жұптық жұмыс



– суретпен жұмыс



– топтық жұмыс



– шығармашылық жұмыс



– жазу жұмысы



– сөздік



– тыңдалым

Қабатай Б.Т. т.б.

Қ 13 Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық: 2 бөлімді. /Қабатай Б.Т., Зейнетоллина Ү.К., Қалиева В.А. – Алматы: Атамұра, 2018. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-084-8

2-бөлім. – 2018. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-085-5

ISBN 978-601-331-085-5 (2-бөлім)
ISBN 978-601-331-084-8

© Қабатай Б.Т., Зейнетоллина Ү.К.,
Қалиева В.А., 2018
© «Атамұра», 2018

1. Мәтінді жоспар бойынша әңгімелейсің.
2. Сюжеттің не екенін білесің және дамуын болжайсың.
3. Сөйлеуде бейнелі сөздер, нақыл сөздер, суреттер мен фотосуреттерді қолданасың.
4. Мәтінді түсініп, мәнерлеп, рөлге бөліп, теріп оқисың.
5. Кейіпкердің іс-әрекетіне баға бересің.
6. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайсың.
7. Мысал, өлең, бата мен нақыл сөздің басты белгілерін білесің.
8. Кейіпкердің портретін, мінезін сипаттайсың.
9. Өлең, мәтін құрастырасың, кейіпкерге хат жазасың.
10. Мәтінді оқиға желісі бойынша бөліктерге бөлесің және әр бөлікке ат ойластырасың.

ӨНЕР



АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР



СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР





49

Өнер алды – қызыл тіл



Ойыңды нақыл сөзбен жеткізесің.



1. Түсініп оқы. Өз сөзіңмен әңгімеле.

Бір нәрсе туралы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта алсақ, сол сөз өнері болады.

Ахмет Байтұрсынұлы



2. Мәтінді тыңда.



Төле би – қазақтың үш биінің бірі. Қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде дүниеге келген. Өз елінің, өзге халықтардың, әсіресе Шығыстың аңыз-әңгімелерін, қисса-дастандарын еркін меңгерген. Халықтың өні мен күйін, ақындық өнерін құрметтеген. Он бес жасынан бастап ел билеу ісіне араласқан. Өз заманында «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» атанды.

3. Мәтінді түсініп оқы.

Қарлығаш әулие

Ел ауған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде Төле би киіз үйін жықпапты, қасиетті жұртын қимапты. Сонда жоңғар қолбасы Төле биден көшпей қалуының сырын сұрапты.

– Шаңырағыма бір бейкүнә қарлығаш ұя салып еді. Ол жер бетін топан суы басқанда Нұқ пайғамбардың кемесін сақтап қалған, адам баласын жылан шақпақ болғанда қызғыштай



қорыған құс еді. Осындай киелі құстың ұясын бұзып, балапандарын жылатып кете алмадым, – дейді дана Төле би.

«Бір ауыз сөзі мың ауыз сөзге татитын» Төленің адамгершілігін, әділ шешімін таныған жоңғар қолбасшысы:

– Шын әулиенің өзі екен, – деп әскерін қайтарып жіберіпті.

Серік Негимов. «Шешендік сөздер» кітабынан

4. Төле бидің «Қарлығаш әулие» атану себебін түсіндір.



5. Төле бидің нақыл сөздерін түсініп оқы және өз сөзіңмен түсінгеніңді айт.

• Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

• Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа
адал бол!

• Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?

өнер
сөз өнері
билер сөзі

6. Төле бидің нақыл сөздерін жаттап ал.



7. Нақыл сөздерді пайдаланып, сөз өнері туралы әңгімелендер.

50

Өнер алды – қызыл тіл



Билерше толғап, нақыл сөз
құрастырасың.



1. Нақыл сөзді түсініп оқы. *Тіл* сөзін *сөз* деп қайталап оқы. Өз ойыңды айт.

Ең тәтті де – тіл,
Ең ащы да – тіл.
Ең қатты да – тіл,
Ең жұмсақ та – тіл.

Нелідтен?



2. Мәтінді тыңда.



Қаздауысты Қазыбек би – қазақтың үш биінің бірі. Ол Сыр бойында дүниеге келген. Жасынан шешендігімен, ойлы да әділдігімен, батыл да батырлығымен көзге түскен. Халық «Қазыбек қазып айтады» деп құрметтеген.

3. Аңызды түсініп оқы.

Бала – бауыр етің (Аңыз-әңгіме)

тіл
төрелік
шешендік сөз
тапқырлық

Қазыбек бидің елге белгілі болған кезі екен. Бірде бір бала үшін дауласып, екі әйел алдына келіпті. Әйелдердің бірі:

– Мынау баламды мен есін білмейтін жас күнінде жоғалтып алып едім. Соны мына әйел тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, білмеймін, әйтеуір асырап алыпты... Бүгін баламды танып, тауып алдым. Бірақ мына әйел «өз балам» деп бермейді, – дейді.

Екінші әйел тұрып:

– Мынау босқа жармасып тұр. Бұл – менің балам, – дейді.

Қазыбек екі әйелді мұқият тыңдайды. Сосын ойла-
нып отырып қалады. Сәлден кейін:

– Бірің балаңды жоғалттым, енді бірің таптым
дейсіндер. Бірақ оның шын-өтірігін білетін куә жоқ.
Сондықтан мынадай билік еткім келеді, – дейді Қазы-
бек би.

Ол баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып қояды
да, өзі алдаспанды жоғары көтереді.

– Екеуіңе баланы қақ бөліп берейін, осыған риза-
сыңдар ма? – дейді.

Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

– Біреуге тірі бергенше, жартысы болса да, өзімде
қалсын. Бөлсең, бөл! – дейді безеріп. Ал баланы таныған
әйел:

– Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын, ша-
ба көрмеңіз! – деп безек қағады.

Сонда Қазыбек би:

– Бала мына жоғалтқан әйелдікі екен. Өйткені бала-
ның амандығын тілеп тұр. Баласын өзіне бер, – деп
билік айтыпты.

Серік Негимов. «Шешендік сөздер» кітабынан




Алдаспан – қылыш.


Безеріп – қатігезденіп, жек көріп.


Безек қағады – жаны ауырады, қиналады.



4. Қазыбек биге келген екі ананың сөзін салыстыра сипат-
тап жаз.




 5. Қазыбек бидің шешіміне өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Жауаптарыңды үлгіге сүйене отырып дәлелдеңдер.



Өйткені ...
Себебі ...


6. Қазыбек бидің шешендік сөзін оқып, жатқа айт.



Адал болса – досың жақын,
Еркелейтін – немерең жақын.

 7. Осы шешендік сөздегі *жақын* сөзінің орнына *жақсы*, *ыстық* сөздерін қойып оқы. Өзің де Қазыбек бише толғап, шешендік сөз құрастырып көр.

Не жақсы?	Не ыстық?

51

Өнер алды – қызыл тіл 

 Тақырып пен негізгі ойды анықтайсың. 

1. Түсініп оқы. Өз сөзіңмен түсіндір.

Билердің сөзі – ақылдың көзі.



2. Мәтінді тыңда.




Әйтеке би – қазақтың үш биінің бірі. Бұхара мен Самарқан медреселерінде араб-парсы тілдерін үйренген. Даудың шешімін айтқанда Әйтеке би әділдігімен әрі тапқырлығымен ерекшеленген. Содан да болар, халық «Әйтеке жарып айтады» деп риза болған.

3. Түсініп оқы.

Әйтеке бидің шешендігі

- Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
- Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссаң, тоқырар.
- Кісіге бірге туыспау керек,
Туысқан соң, сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.
- Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай,
Қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай.
Тындырымды інісі болса,
Қанат-құйрығы сай болып,
Ағаның алар тынысы болса,
Көңілі жай болып.
Інінің міндеті – басқару,
Ағаның реті – бас бағу емес пе?!
- Екі адам керіссе, оның арты – қызыл шоқ.
Серік Негимов. «Шешендік сөздер» кітабынан

шешендік
тақырыбы
негізгі ойы
сөзге тоқтау

 4. Әйтеке бидің шешендік сөзін сәйкестендір.

Ашу деген – ...	олжаға жолығады
Ақыл деген – ...	дария
Сөз қуған ...	ағын су
Жол қуған ...	пәлеге жолығады



5. Әйтеке бидің әр нақыл сөзіндегі тақырыпты анықта. Негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді тап.

	Тақырыбы	Негізгі ой
1-сөзі		
2-сөзі		
3-сөзі		
4-сөзі	Сөзге тоқтау	Жігіттің жақсысы – дұрыс сөзге тоқтай білгені.

6. Әйтеке бидің шешендік сөздерін жаттап ал.

7. Әйтеке би туралы не білетініңді анықта.

Мәліметтер	Иә/жоқ
Әйтеке би медреседе оқыған.	
Араб, парсы тілдерін жақсы білген.	
Әйтеке «Қарлығаш би» атанған.	
Халық «Әйтеке жарып айтады» дейді.	
25 жасында Кіші жүздің бас биі атанған.	

52

Шешеннің сөзі ортақ



Мәтіндегі ақпаратты қажетіңе жаратасың.

1. Мақал-мәтелдерді оқы. Түсіндір.

1. Жақсы сөз жаныңды жадыратады,
Жаман сөз уайымға салындырады.
2. Тауып айтқан сөзге құн жетпейді,
Біліп айтқан сөзге мін жетпейді.
3. Жақсы сөз – жарым ырыс.

2. Түсініп оқы.

жақсы сөз
жаман сөз
шешеннің сөзі
даналық сөз

Әнет баба өсиеті

Шебер шешім, көркемсөздерімен халық арасында шешен атанған Қазыбек би жыл сайын қасына жолдас-жораларын ертіп, даналық, тапқырлық сөзімен мәлім Әнет бабаға сәлем беріп, көрі құлақты қариядан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, тағылым алып қайтады екен.

Бірде сол әдетімен Әнет бабаның үйіне келіп түседі. Қарт бұрынғыдан әжептәуір қартайып қалса да, сыр білдірмейді. Қазыбектің жора-жолдастарын, өзін жақсы қарсы алып, мал сойғызып, қазан көтертеді. Сол ауыл маңындағы қариялар, жайсаңдар жиналып, әңгіме-дүкен құрады.

Ертеңіне Қазыбек жол жүруге қам жасап, сапар алдында Әнет бабаға бір ауыз өсиет айтып беруін өтініпті. Бірақ Әнет баба:

– Қазыбекжан-ай, жасы келіп қартайған, қасынан жан тайған, басынан мал тайған адамнан не кеңес,

не өсиет сұрайсың? – деп, ештеңе айтқысы келмейді. Бірақ бірбеткей Қазыбек шешен Әнет бабаның бір ауыз ақылын тыңдамай еш жаққа кетпейтінін білдіреді. Сонда Әнет баба Қазыбек шешеннің бұл қылығына күле қарап:

– Болмадың ғой, айтайын, – деп сәл ойланып, – «өкім» деген сөзді жадыға сақта, – депті. Қазыбек Әнет бабаға ризашылығын білдіріп, жора-жолдасын қасына ертіп, еліне қайтады. Ол жол-жөнекей өзімен еріп келе жатқан нөкерлерінен:

– Әнет бабаның қандай өсиет айтқанын ұқтыңдар ма? – дейді. Бірақ бұл сұрағына ешкім үндемейді. Сонда Қаздауысты Қазыбек Әнет бабаның айтқан өсиетін былай деп шешіпті:

– «Ә» дегені – әділ бол;
 «К» дегені – күншіл болма, көпшіл бол;
 «І» дегені – ілтипатты бол;
 «М» дегені – менмен болма, мейірман бол, – дегені.
 Әнет бабаның сол өсиеті ел арасына кең тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалыпты.

Балтабай Адамбаев. «Халық даналығы» кітабынан

3. Әнет бабаның өсиетін Қазыбек би қалай түсінді?

4. Сызбаға сүйеніп, шешендік сөздер туралы ойыңды қорытып айт.





5. Сызбаға сүйеніп, шешен адамға төн сипаттарды айт. Өзің тағы не қосар едің?

Шешен

данышпан

дана

тапқыр

ақылды

суырып-
салма

білімді

...

...

...

...

...

53

Асыл сөз



Ойыңды нақыл сөзбен
көркемдейсің.



1. Түсініп оқы.

Бала кезімде әжеммен қонаққа жиі баратынмын. Бір ғажабы, қай үйге қонаққа барсам да, ылғи құлақ жейтінмін.

– Әже, – дедім бір күні шыдай алмай, – маған неге құлақ ұстата береді?

Әжем маған мейірлене қарап, былай деді:

– Ата-бабаңның дәстүрі солай. Үлкендердің жас балаға құлақ беретін себебі: жақсы сөзге құлағы түрік болсын. Айтқанды тыңдап өссін дегені.

«Наурыз: Жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабынан

2. Мәтінді пайдаланып, түсіндіріп көр.

Су анасы – бұлақ,
Сөз анасы – құлақ,
Жол анасы – тұяқ.

Сырым шешен



3. Өлеңді тыңда.

Асыл сөз

Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орап кісінің
Кесіп өтпей көлденең,
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп, қол берем,
Атам менің әманда
Кішіпейіл бол деген.

ата ақылы
асыл сөз
ата сөзі
нақыл сөз



Асыл сөзі санамда –
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзімді мен өзгеден
Санамаймын жоғары.
Әуес боп жел сөзбенен
Көргенім жоқ мен әлі.

Атам менің әманда
Әділетті бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Жүрем әділ жолменен.
Қалдыратын ұятқа
Жалған сөзге төзбеймін.
Жеткізетін мұратқа
Тек шындықты көздеймін.

Дейтін атам әманда
Мейірімділік – борышың.
Қадірлі қарт адамға
Берем ылғи қол ұшын.
Орындаймын табанда
Тілегінің бәрін де.
Кейде ауырып қалғанда,
Әкеп берем дәрі де.

Атам менің әманда
Бол дейтұғын тілалғыш.
Асыл сөзі санамда –
Алып жүрмін кіл алғыс.
Үлкеннің де, кішінің
Айтқан тілін аламын.
Істеп бәрін ісінің,
Көңілдерін табамын.

Абдырахман Асылбек



4. Семантикалық картаны толтыр.

Атаның ақылдары	1-шу-мақ	2-шу-мақ	3-шу-мақ	4-шу-мақ	5-шу-мақ
Кішіпейіл бол					
Мейірімді бол					
Әділетті бол					
Үлкенмен сәлемдес					
Тілалғыш бол					



5. Атаның ақылын тыңдап, оны сен қалай орындайсың? Өлең сөзімен жауап бер.

Мысалы, кішіпейіл бол – Өзімді мен өзгеден
Санамаймын жоғары.



6. Көркем ойға сәйкес келетін өлеңді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойындар. Атауды нақыл сөз түрінде ұсынындар.

54

Күй құдіреті



Шығармадағы көркем ойды
жалғастырасың.



1. Жұмбақты шеш.

Қос қазық, екі желі, сегіз ноқта,
Сөйлейді шежіредей адам соқса.
Тағы бір мінезі бар таңғажайып,
Ешуақыт сөйлемейді адам жоқта.

2. Аңызды түсініп оқы.

Күй құдіреті

Бірде Фараби өмір сарайына барыпты. Онда әкімдер, ғалымдар, өнерпаздар көп жиналған екен. Қыпшақтарша киінген Фараби елеусіз ғана бір шеттен орын алады. Ол өзі жасап алған домбырасымен күй тартса, жұрттың бәрі күліп, мәз-мейрам болады. Енді бір күйін тартқанда, әлгілер қамығып, жылай бастайды және бір күй тартқанда, бәрі маужырап, ұйықтап қалыпты. Фараби «Бұл күйлерді тартқан – қыпшақ әл-Фараби» деп хат жазыпты да, өзі сарайдан шығып кетіпті. Өмірші оны қанша іздесе де, таба алмапты.



Қыпшақ – рудың аты.

Құдіреті – күші, қасиеті.




3. Суретке зер сал. Күйші қандай күй тартып отыр деп ойлайсың? Неліктен?





4. Фараби тартқан күйдің құдіреті неде деп ойлайсың? Мәтінге сүйеніп, жауап бер.

Күй құдіреті



...

...

ұйықтатады



5. Әмірші Фарабиді неге іздеді деп ойлайсың? Болжа.



6. «Кім жылдам?» ойыны. Суреттегі домбыраның әрбір дыбысынан басталатын өнерге қатысты сөздерді тап.



күй өнері
күйші
күйдің құдіреті
көркем ой

А – музыкалық аспап

Р – дыбыс ырғағы

Ы – күйшінің аты

Б – ұрмалы аспап

М – пәннің атауы

О – музыканттар ұжымы

Д – оркестрді басқарушы

7. Қандай күй тыңдағанды ұнатасың? Қазіргі өнер сахнасындағы күйшілерді білесің бе?



Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі

55

Ән өнері



Мәтіндегі оқиға желісін
анықтайсың.



1. Жаттап ал. Пікір білдір.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы өн мен төтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Абай



2. Мәтінді тыңда.

жақсы өн
төтті күй
музыка өнері
өннің құдіреті

Аққұс туралы аңыз

Шәмшінің шырқап салатын әдемі дауысы болмаса да, өннің табиғатын түсініп, оны тыңдаушысына жеткізе білетін әсем үні бар еді. Оның дауысы кейде қырылдай шығып, биіктей алмаса да, тыңдар құлақты еріксіз елітіп, қай жүректі болмасын баурап әкететін.

– Саған қай қасиет бұрын дарыды – өн салу ма, әлде өн шығару ма? – деп сұрағанымда, Шәмші сәл ойла-нып:

– Бетховен тас керең болса да, ғажап музыка жазған. Байқадамов қазақ әндерін айтуға олақ болғанымен, нағыз қазақи әндер жазған. Өйткені бәрінің көкірегінде сайрайтын бір-бір Аққұс бар, – деген еді ол. – Анамнан естіген хикая еді. Сол Аққұс туралы әңгімемді тыңда.

Алыстағы бір асқар таудың басын армандай сұлу Аққұс мекендесе керек. Ол төгілте өн шырқағанда тау мүл-

гіп, көл тынып, аспан егіледі екен дейді. Оның әсем әнін аңсаған пенделер осы тауға ағылып, Аққұстың ұядан ұшуын апталап, айлап күтіп жатады. Өзінің әніне ынтық болған жұрт мол жиналған шақта Аққұс аспандап ұшып, тау асып, бел асып, махаббат жайлы мұңлы да қуанышты әнін шырқайды. Ол небір қайғылы жүректің мұңын басып, сөнуге айналған үмітке от жағады екен дейді.

Аққұстың ел-жұртты тамсандырған осы даңқы Қарақұсқа жетіпті. Өзінен басқаның жақсы болуын қаламайтын Қарақұс көріне мініп, оның көзін жоюға бел байлапты. Аққұстың аңғырт, бейбіт шағын аңдыған ол бір күні шап беріп ұстай алып, қанды тырнағымен бүріп өлтіруге айналады.

Ақтық шағы тақалғанына көзі жеткен Аққұс: «Ең болмаса бір ән айтып өлейін», – деп жалынған екен дейді. Қарақұс сәл ойланып: «Бір әнде тұрған не бар дейсің, айтсаң, айт», – деп рұқсат береді.

Аққұс екі иығынан ауыр дем алып, биік аспанға мұңая көз салып, бұл дүниеде бұрын-соңды ешкім естімеген бір әнді шырқай жөнеледі. Бұл әнді естігенде азынаған жел де тына қалады. Қаратаудың көкірегі қарс айырылып, аһ ұрады. Өзен ағысын тоқтатады. Ағаштар жапырағын жайып, қайғыға оранады. Бар дүниені түн басады. «Бұл не боп қалды?» деп, Қарақұс жан-жағына қараса, өзі де егіліп, еңкілдеп жылап отыр екен дейді.

– Бар, ұш! Сен азатсың! – деп айқай салыпты ол Аққұсқа. – Бірақ ендігөрі тырнағыма іліксең, ән айтқызбай өлтіруге ант етемін.

– Әннің құдіреті, міне, осында, – дейтін Шәмші сөзін аяқтап, сәл күрсініп.

Оразбек Бодықов



Тау мүлгіп – тау ұйқыға кетіп.

Көл тынып – көл тып-тыныш күйге түсіп.

Аспан егіледі – аспан жылағандай күйге түседі.

3. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

Оқиғаның басталуы ...

Жалғасуы ...

Аяқталуы ...

4. Мәтінге сүйеніп, әннің құдіреті туралы айт. Алдында оқығаныңмен салыстыр.

Әннің құдіреті

Ұқастығы

Күйдің құдіреті



5. Мәтіндегі өнер адамдары туралы берілген мәліметтерді түсініп оқы және өз бетіңше толықтыр.



Людвиг ван Бетховен – немістің ұлы композиторы әрі дирижёрі.



Бақытжан Байқадамов – композитор әрі дирижёр. Қазақ мемлекеттік хор капелласы Бақытжан Байқадамовтың есімімен аталады.



Шәмші Қалдаяқов – қазақтың халық композиторы. Қазақтың музыка өнерінде оның орны ерекше. 300 әннің авторы.



6. Суретке зер сал. Осы сурет саған «Шәмшінің әндері» деген тақырыпта сөйлеуіңе көмектесе ме? Өзің не салар едің?



7. «Шәмшінің әндері» деген тақырыпта сөйлеуге дайындал.

- Шәмші Қалдаяқов кім?
- Оның қандай әндерін білесің?
- Халық композиторды неліктен жақсы көреді?
- Өз сөзіңді «Шәмшінің әндері мәңгі жасайды. Ән де, әнші де туған елінде құс сияқты қалықтап, биікке ұша береді» деген пафоспен аяқта.

56

Сурет салу – өнер



Қиялыңдағы суретті
сипаттайсың және саласың.



1. Суретшінің туындысын да оқуға болады. Ол үшін суретке зер сал және сұрақтарға жауап бер.

- Сурет қалай аталады? Авторы кім?
- Суретші қандай бояуды көп пайдаланған? Неліктен?

- Суреттегі жыл мезгілін сөзбен сипатта.



«Гүл ашқан алма». Әбілхан Қастеев

2. Мәтінді түсініп оқы.

сурет өнері
суретші

Бәрібір өкінбеймін

Біздің Сайқан, Сауыр таулары тұнып тұрған сұлулықтың өзі сияқты. Тек асқар-асқар таулар мен ну ормандар, сарқыраған ақ көбік өзендер... қиялды еріксіз қозғайды. «Ақ қағаз бетіне қара қарындашпен бірдеңені саласың ба, қайтесің?» деп маза бермейді-ау, маза бермейді.



2–3-сыныптан бастап сурет сала бастадым. Онда да қайбір қиратып тастады дейсің – қисық қарағайлар, ақсақ аюлар деген секілді. Мұғаліміміз Кәрім Ақтаев бәрібір мені мақтап қояды:

– Бұл баланың көкірегінде көзі бар, – деп. Бірте-бірте әлгі қисық қарағайлар түзеліп, аюымның жүрісі оңала бастады. Енді сыныптағы қыздардың бейнелерін сала бастадым. Сонымен сыныптың, тіпті мектептің суретшісі болып алдым.

– Өскенде кім боласың? – дегендерге бірден жауап беремін. Тіпті ойланбаймын да:

– Суретші боламын. Әбілхан Қастеев сияқты.

– Бәрекелді! – дейді олар.

Ол кез арман орындала бермейтін қиын жылдар еді. Жер аяғы алыс, Алматы одан да қиыр, қаражат жоқ дегендей... Суретші болсам деген арман орындалмады. Бір-бір сурет альбомдарым сыныптағы қыздардың қолтығында кетті.

Кейін жазушы болдым. Шығармаларымды оқыған суретші достарым: «Сенің жазуыңнан суретшінің қолтаңбасы ап-айқын білініп тұрады. Әсіресе табиғатты суреттеген кезде. Қолмен сызғандай», – десіп жүреді.

Кім біледі, рас шығар. Әйтеуір, суретші бола алмағаным көп өкінбеймін. Өйткені суретшілік пен жазушылық ұқсас, тіпті егіз мамандық сияқты.

Марат Қабанбай

3. Өңгіме қалай аталады? Ол кімге қатысты айтылған? Жазушы неге өкінбейді екен?




4. Өлеңді тыңда.


Сурет салу – өнер

Суретшілік шебер,
Сурет салу – өнер.
Салып едім күнді,
Күн жадырап күлді.
Салып едім тауды,
Тауда жаңбыр жауды.
Салып едім үйді,
Төбесі көкке тиді.

Пойызды да салдым,
 Жолға көп жүк алдым.
 Ұшақты да салдым,
 Алысқа ұшып бардым.
 Көліктерді салдым,
 Көркіне таңғалдым.
 Салып едім бүркіт,
 Кетті торғай үркіп.
 Салып едім пілді,
 Болып шықты зілді.
 Салып едім атты,
 Атым тұра шапты.

Ақылбек Шаяхмет

 5. «Сурет салу – өнер» тақырыбында топ алдында сөйлеуге дайындал. Жоспар құр.

 6. Төмендегі суретке зер салып қара. Суретші баланың жіберген қателіктерін тап.



7. Мәтін мен өлең бойынша қандай сурет салатыныңды сипаттап айт.

57

Қазақ биі



Сөйлеуде суреттерді
қолданасың.



1. Төмендегі суретке зер салып, бидің адамға пайдасы туралы әңгімеле.



қазақ биі
би өнері
қазақ өнері
ұлттық би

«Қара жорға» биі

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ биі

Жұрт бас қосқан бір жиын-тойда қыздар мені итермелеп: «Шара би билейді» деді. Домбырашылар тартқан күйдің ырғағына орай билей бастадым. Сонда көз алдыма қанат қаға ұшқан құстардың қалықтағаны, рауандап атып келе жатқан таң алдындағы гүлдердің бүр жарғаны, не болмаса таутекенің шың басына секіргені, жорға аттың жүрісі т.б. елестеп, музыка сазындай естілді. Осы қимылдарды салып, шыр көбелек айнала бердім. Ұршықша айналып келіп тоқтай қалғанымда, жұрт маған қарап қалыпты. Содан бері «биші қыз» деген атаққа ие болдым.

Қазақ биі негізінен қол, бас, мойын, көз, иық секілді түрлі дене мүшелерінің қимылдарымен биленеді. Ал біз

оны қиюын тауып, үйлестіре білсек, қазақтың ұлттық биінің өз ерекшелігі танылады. Мен бұл жөнінде «Би туралы сабақ» деген кітап жаздым. Сонымен қатар маған өз елімнің тұрмысын, тарихын, әдет-ғұрпын, дәстүрін зейін қойып үйрене білуімнің өте көп пайдасы тиді. Мысалы, қазақ халқының көкпар, қыз қуу, садақ тарту т.б. ұлттық ойындарына, оның сыртында кесте тігу, текемет, сырмақ басу, ұршық иіру тәрізді қазақ әйелдерінің қолөнеріне қатысты іс-қимылдар бар екені белгілі. Осылардың барлығы музыка ырғағына түскенде тұнып тұрған қазақ биі демей, не дейміз?

Шара Жиенқұлова

3. Түсініп оқы. Шара Жиенқұлова туралы әңгімеле.

Шара Жиенқұлова – халық бишісі, әртіс




Шара Жиенқұлова (1912–1991) Алматы қаласында туған. Қазақ би өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан. Ол 16 жасында «биші қыз» атанған.

1936 жылы Мәскеуде өткізілген Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің онкүндік мәдени шарасына қатысып, ұлттық би өнерімен танылды.

4. Мәтінге сүйеніп, әр бағанға ортақ атау ойластыр. Не артық екенін анықта. Осы тізімді өз бетіңше жалғастыр.

Кесте тігу
Сырмақ басу
Садақ тарту
Текемет басу


Сырмақ басу
Көкпар
Қыз қуу
Садақ тарту

 5. Өлеңді тыңда.

Өнерпаздар

Бақшамызда шаттанып,
 Бар өнерді ақтарып,
 Ойын-сауық басталды,
 Оны Кемел басқарды.
 Көріңіздер өнерін,
 Көбен – күйдің шебері.
 Өн салады Сара қыз,
 Би билейміз бәріміз.
 Бар өнерді көріңіз,
 Бағаңызды беріңіз.



Әдібай Табылды


 6. Сыныбыңда өнерпаз балалар бар ма? Олардың таңдаған өнері туралы 3 сұрақ дайында. Сұхбат ал.

7. «Қазақтың би өнері» тақырыбындағы фотокөрмеге қандай сурет ұсынар едің? Ойыңды дәлелде.

58

Шебердің қолы ортақ

 Қосымша мәлімет аласың және өңгімелейсің. 

 1. Суреттерге зер сал. Ортақ тақырып тап.





2. Түсініп оқы.

Зергер

Білесің бе бұл істі?
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын,
Осы жұмыс ырғағы.
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады.

шебер
зергер
зергерлік өнер

Көрсең, қайран боларсың –
Мақтанышы ол – бір елдің.
Күмістейді тағасын,
Таралғы мен жүгенін.
Деменіздер бұл қалай,
Күмісті де илеген...
Осы өнерді мұрадай
Зергерлерден үйренем!

Фариза Оңғарсынова



Тартады – жасайды.

Таралғы – атөбзелі.



3. Ақын сұрағына жауап бер.

«Білесің бе бұл істі?
Зергерлікке кім дайын?»



4. Өлеңге сүйеніп, зергерлік өнер туралы айт.



5. Өлеңді тыңда.

Тобылғы

Саясында көде өскен,
Сайға біткен тобылғы.
Желге билеп белестен,
Ойға біткен тобылғы.

Ауылымның көп қырын
Бұтаң басқан тобылғы.
Хош иісті ақ гүлің
Жұпар шашқан тобылғы.

Күлім қағып ақ әжем
Күбі ыстаған тобылғы.
Таңғы самал ауамен
Тыныстаған тобылғы.

Мөлдір моншақ таң шығын
Тағып алған тобылғы.
Бабам өрген қамшының
Сабы болған тобылғы.

Бауыржан Жақып



Көде – шөптің аты.



6. Өлеңге сүйеніп, тобылғы туралы 3 сұраққа жауап бер.



Қайда өседі?

Қандай гүлдері бар?

Қалай пайдаланылады?



7. Зергерлік өнерге қатысты кесте бойынша сөйле.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

8. Ғаламтордан немесе энциклопедиядан халқымыз тобылғы мен қамшыны неліктен қастерлегені туралы мәліметтер жинастыр.

59

Ат – ер қанаты



Ойынды көркемсөздермен
жеткізесің.



1. Түсініп оқы. Пікір білдір.

1. Ат – ердің қанаты.
2. Жылқы – малдың патшасы.
3. Жылқының сүті – шекер, еті – бал.



2. Өлеңді тыңда.

Атқа міндім

атқа міну
ұлттық ойын

Шүү, жануар!
Бұл менің – алғаш атқа мінгенім.
Желдірмек боп атымды,
Қысып қалдым тақымды.
Атым желіп жөнелді,
Қайтсем екен мен енді?
Батылдық жоқ жаңағы,
Зәрем ұшып барады.



Қыза түсті құрғыр ат,
 Құлақ кетті шыңылдап.
 Ат жалына жабысып,
 Қолым қалды қарысып.
 Тізгін жоқ сол қолдағы,
 Қамшым жоқ оң қолдағы.
 Құламасам болғаны,
 Жыламасам болғаны.
 Дүңкілдетіп даланы,
 Атым шауып барады.
 Күшімді сап ақырғы,
 Қыса түстім тақымды.
 Жер шетіне жеттім бе,
 Мен ештеңе білмеймін,
 Жоқ, енді атқа мінбеймін.
 Ақыры атым тоқтады,
 Қарсыдан жел соқпады.
 Қорқынышым басылды,
 Біткен құлақ ашылды.
 Сол манағы қалпында,
 Киіз үй тұр артымда.

Атам да тұр орнында.
 Құстай ұшқан сияқты ем,
 Ұзамапсын бірақ мен,
 Қорыққанымды жаңағы,
 Жұрт білмесе жарады...

Қастек Баянбай

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

• Қастек Баянбай – балалар жазушысы, ақын



Қастек Баянбай 1936 жылы Алматы облысы Алакөл ауданы Талдыбұлақ ауылында туған. «Балаларға базарлық», «Төтті сабақ», «Асар» және т.б. өлең жинақтарының авторы.



4. Өлеңді қарасөзбен әңгімеле. Алғаш атқа мінген баланың сезімін ақын сөздерін қолдана отырып сипатта.



5. Бір сөт атқа мініп, шауып келемін деп қиялда. Сезіміңді «шүү, жануар!» деген сөзбен және қимылмен көрсет.



6. Берілген тақырыптар төңірегінде ой бөліс.

1. Атқа міну – өнер.
2. Атқа міну – спорттың түрі.
3. Атқа міну – ұлттық ойын.



Мәтіндердегі ақпаратты
пайдаланасың.

1. Түсініп оқы.

82 жас өмір сүрген австриялық жазушы Алан Маршалдың өмірі ерлік пен жігерге толы. Алты жасынан бастап сал ауруына шалдығып, мүгедек болып қалған. Бірақ соған қарамастан, өзін сау адамдардан кем санамаған. Ол тәуекел ете жүріп жүзуді, атқа мінуді үйренді. Алан Маршалл өзінің балалық шағы туралы «Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» деп аталатын кітап жазды.

Ғаламтор материалдарынан

2. Түсініп оқы.

шабандоз
атөбзелдері

Мен де атқа міне аламын

Осы жылдар ішінде тұңғыш рет әкем атқа салт міну маған қол емес екенін айтты. Ол қолын иығыма салып, өзін жақсы түсініп алсын дегендей, сөзіне зор маңыз бере, аса салмақтап сөйледі:

– Салт атпен жүргенде, ат бүйірін аяқтарыңмен қысып отыруың керек. Желіске салғанда, дененің салмағын үзеңгіге көшіресің. Аяқтары сау жігітке бұл қиын емес... Бірақ сен аяқтарыңмен ат бүйірін қыса алмайсың, Алан. Бұл аяқтарың атқа салт мінуге жарамайды. Олай болса, бұл ойдан арыл. Мен сенің атқа мініп жүргеніңді қалаймын, анаң да. Бірақ тағдырға не шара...

Мен оны үнсіз тыңдадым, бірақ шындық екеніне сене алмадым. Оның өз сөзіне өзі сеніп тұрғанына таңғалдым. Ол алғаш рет қателесті, мен салт атқа мінуді үйренуге тас бекіндім.

Мектептегі балалардың бірінде Жұлдызша дейтін ат бар. Оның иесі – арық келген Боб Карлтон. Күн сайын үлкен үзіліс кезінде ол мектептен жарты шақырымдай жердегі жол бойындағы суатқа Жұлдызшаны суғаруға апаратын. Бұл міндетті ол ауырсынатын. Өйткені соның кесірінен мектеп ауласындағы ойындарға қатыса алмай қалатын.

Бірде мен Бобқа өзінің орнына Жұлдызшаға мініп, суатқа барып тұруды ұсындым, ол бірден келісті.

Күнде мен Жұлдызшаға мініп, суатқа барып жүрдім. Оны өзім жүгендеп, ерттейтінмін. Сосын Бобқа жетелеп апаратынмын. Ол менің атқа мінуіме көмектесіп, балдақтарымды мектеп қабырғасына сүйеп қоятын.

Біреп апта өткенде, ер үстінде отыруға төселіп қалдым. Құлап қалмасам екен деп ойлай бермейтін болғанмын. Еркінірек отырамын. Енді мен Жұлдызшаны жүргізіп үйрендім. Қолымның қимылымен оны оңға я солға бағыттай алатын болдым. Бұрылғанда онымен бірге еңкейіп, ол қайта тіктеліп, тура жүргенде, артқа шалқаямын.

Бір күні үлкен үзіліс кезінде Жұлдызшаға мініп, үйге бет алдым. Қақпаға таянғанымда, әкем есік алдында тұр екен. Мені көрген жоқ. Атты іркіп, әкеме қарап, әрі-бері тұрдым. Сосын айғай салдым:

– Е-ге-гей!

Әкем қақпа жаққа басын бұрды да, сол күйінше сілейіп тұрып қалды.

– Бұл сенбісің, Алан? – деді ол, астымдағы ат оның дауысынан үркіп ала қашатындай-ақ, ақырып сөйлеп.

– Иә! – деп саңқ еттім мен. – Бері келіңіз, маған қараңызшы. Есіңізде ме, маған ешқашан салт атпен

жүре алмайсың деп едіңіз ғой? Ал енді көріңізші! Е-гей! – деп, асау атпен шапқандағы әкемнің істегенін істеп, айғай салып, еңкейдім де, Жұлдызшаның бүйірінен «жақсы» аяғымның әкшесімен соғып қалдым.

Боз ат әуелде желе текіректеп, сосын шаба жөнелді. Мен тізгінді тарта, Жұлдызшаның қозғалысымен ер үстінде ырғақтап, оның қасынан өттім. Қайтадан кері бұрылдым.

Міне, ол қақпа алдында тұр. Тықыршып, жер тарпиды, басын шұлғиды, бүйірін соғады. Танауын делдите дем алғаны, ер-тоқымның сықыры, жүгеннің сылдыры – осы дыбыстарды естуді қаншама армандадым десеңші!

– Тыңдашы, ұлым, – деді әкем байсалды үнмен. – Енді біз сенің атқа міне алатыныңды білеміз. Сен қақпаның тұсынан дүрсілдетіп өте шықтың. Шабыс тура жолда ғана жақсы. Бірақ қазіргідей лекілдей берсең, онда көпке жеткізбей-ақ атты шаршатасың. Жылқы да адам сияқты: күтімі жақсы болса, күйлі болады. Ал қазір мектепке аяңдап бар да, Жұлдызшаны қоя бер.

Ол аз-кем үнсіз тұрды да, былай деп қосты:

– Сен нағыз жігітсің, Алан! Көңілім толды. Мен білсем, сенен жақсы шабандоз шығады.

Алан Маршалл

Аударған Айнагүл Садықова

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.



Әңгіме қалай аталады?
Ол кімге қатысты айтылған?
Әңгімені жазған кім?



Аланды сипатта.
Ол алдына қандай мақсат қойды?
Нені армандаған?



Аланның өмірінде қандай қиындық болды?



Аланның әкесінің соңғы сөзінде қандай мән бар?



Аланның әкесінің ақылы туралы сен не ойлайсың?



Аланның іс-әрекетінен не үйрендің?



4. Суретке қара. Қай шығармадан алынған? Ұқсастығы бар ма? Айырмашылығы неде? Сен қандай сурет салар едің?



Атөбзелдері – атқа міну үшін және шаруашылықта пайдалану үшін қолданылатын құрал-жабдық түрлері.

5. Түсініп оқы. 5 түрлі атөбзелін және олардың қызметін ата. Мысалы: *Айыл – ер-тоқым ауып кетпеу үшін тартылатын артқы тартпа.*

61


Ойнай білу де – өнер



Мәтіннің композициялық құрылымын анықтайсың.

1. Шешендік сөздің мәнін түсіндіріп көр. Суретті пайдалан.

Қой асығы демендер,
Қолыңа жақса, сақа қой.
Жасы кіші демендер,
Ақылы асса, аға қой.



2. Мәтінді түсініп оқы.

асық ойыны
шығарманың құрылымы
композиция

Елдестің ойыны

Елдестің ойында ойыннан басқа ештеңе жоқ. Әкешесіне қолғабысы болмайды. Ал ойын дегенде жүгіріп кетеді. Мұның ойыны шатақ ойын емес – асық ойыны. Аспанға іліп қойған асықты атып алады. Мергендігінде шек жоқ. Ертемен үйден шыққанда бір асық, бір сақамен кетеді де, кешке екі қалтасы толып қайтады. Балалар «мұның сақасы – арқардың асығы, арқардың асығы арқардың өзіндей жүйрік болады» деген секілді өсек айтады. Илануға болады, өйткені біз көріп жүрген асықтан сүйегі таза әрі салмақты.

Қаздай тізіліп тұрған асыққа дәлдеп тұрып жіберіп қалғанда, снаряд түскендей, асықтар аспанға бір-ақ ұшады, жинай бер. Ұтылған адамның ашулы болатыны белгілі ғой. Балалар: «Арқардың асығы, ойнатпаймыз. Қой асығымен ойнасын», – деп дау шығарады.

Ертеректе «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген мақал болған. Сол доп ешкімді тоздырмай-ақ, қызығып ойнайтын футбол ойынына ұласты.

Оспанхан Әубәкіров

3. Түсініп оқы, әңгіменің авторы туралы әңгімеле.

Оспанхан Әубәкіров – ақын, сықақшы



Оспанхан Әубәкіров (1934–1986)
Алматы облысы Жамбыл ауданы
Үшбұлақ ауылында туған. Ақынның
«Күлеміз-ау», «Қағаз қалпақ» және
т.б. жыр жинақтары бар.

4. Елдестің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Өзің қандай ұлттық ойынды ұнатасың?

Сен мәтіндегі негізгі ойдың басталуы, жалғасуы, аяқталуы болатынын білесің. Мұны шығарманың **құрылымы (композициясы)** деп атайды. Композициялық құрылым сюжетпен тығыз байланысты.

Сюжет – шығармадағы оқиғалар тізбегі.

5. Мәтіннің композициялық құрылымына талдау жаса.

Құрылымы	Оқиғалар тізбегі
Басталуы	
Жалғасуы	1. ... 2. Асықтан ұтылған балалардың дауы 3. ...
Аяқталуы	



6. Аяқталу бөліміндегі жазбаға түсіндірме беріп көр.

Бір нәрсе немесе бір оқиға жөнінде түсіндірме беру үшін сол айтылғандарға дәлелдер келтіресің, келісетінің не келіспейтінің туралы айтасың.

Құрылымы	Оқиғалар тізбегі
Мәтіннің аяқталуы	Түсіндірме
Ертеректе «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген мақал болған. Сол доп ешкімді тоздырмай-ақ, қызығып ойнайтын футбол ойынына ұласты.	

62

Өнер-білім бар жұрттар

Айтыс өнеріне
жаттығасың.



1. Ыбырай Алтынсарин кім? Ол туралы не білесің?
2. Түсініп оқы.

Өнер-білім бар жұрттар

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.
Білгендерге осылар
Бәрі-дағы анықтай,
Білмегенге танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай.

Желкілдеп шыққан көк шөптей,
 Жаңа өспірім достарым,
 Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
 Ұмтылығың қалыспай.
 Біз надан боп өсірдік
 Иектегі сақалды,
 «Өнер – жігіт көркі» деп,
 Ескермедік мақалды...
 Біз болмасақ, сіз барсыз,
 Үміт еткен, достарым,
 Сіздерге бердім батамды.

Ыбырай Алтынсарин



3. Өлеңді пайдаланып, жұмбақ айтыс ұйымдастырыңдар.

1-оқушы:

Аты жоқ құр арбаны
 Мың шақырым жерлерге
 Күн жарымда барғызған.
 Ол не?

өнер
 білім
 айтыс өнері

2-оқушы:

Аты жоқ құр арбаны
 Мың шақырым жерлерге
 Күн жарымда барғызған –
 Пойыздар ғой зырлаған.



4. Ата-анаң немесе туысыңның атқарып жүрген жұмыстарын есіңе түсір. Олардың еңбегін жеңілдету үшін не ойлап табар едің?


63

Нені үйрендім?



1. «Сөз өнері» деген тақырыпта сөйлеуге дайындал. А. Байтұрсынұлының пікірін пайдалан. Сөзіңді «А. Байтұрсынұлы айтқандай...» деп баста. Сөзіңнің аяғын сөз өнері туралы мақалмен аяқта.

2. Суреттерге қарап, «би» сөзінің мағынасын анықта. Олардың ортақ сипаты мен айырмашылығын айт.




сөз өнері
би өнері
ән өнері
сурет өнері

3. Семантикалық картаны толтыр.

Нақыл сөздер	Төле би	Қазы-бек би	Әйтеке би	А. Байтұрсынұлы
Адал болса – досың жақын.				
Көңіліміздің күйін жақсылап айта алсақ, сол сөз өнері болады.				
Шешендіктен не пайда, Артында сөзі қалмаса?				
Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.				

4. Өнердің қандай түрлері бар? Кластер құрастыр.



5. Сызбадағы жазуларды сәйкестендір. Түсіндір.





АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР

64

Ғұлама ғалым



Қиялындағы суретті сөзбен
жеткізесің.

1. Әл-Фараби туралы не білесің? Ол туралы қандай шығарма оқығаныңды есіңе түсір.



ҒАЛЫМ
ОЙШЫЛ
ҒҰЛАМА

2. Аңызды түсініп оқы.

Сағыныш сазы

Шам шаһарында тұрғанда Әбу Насыр әл-Фараби бір жағынан патшаның бау-бақшасын күтіп-баптаса, екіншіден, қолы бос кезінде өлең жазумен шұғылданыпты.

Бақшадағы хауыз жанында, кілемше үстінде құс жастыққа шынтақтаған ол ой үстінде отырады. Мәуе ағаштарының бұтағына қонған бұлбұл құстар сайрап тұрады. Ол омырауына түскен салалы сақалын сипап отырып, мына бір шумақтарды қағаз бетіне түсіріпті:

Кеткенім жоқ, елім, сенен атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым, жұртым, шалғай жаққа ғылым атты шам іздеп.

Ақтадым мен ақ сүтінді келгенінше шамамның,
Ассам-дағы сексен жастан сәбиіңмін, балаңмын.

Жүзім сынық, көңілсіз күйге түстім мен бүгін,
Саған деген серпе алмаймын ынтызарлық түндігін.

Айналайын атам – қыпшақ, туған жерім, сағындым,
Өз атыңа, үрметіңе қайда жүрсем табындым.

Бұл жолдар әрі ғалым, әрі шайыр бабаның жасы сексеннен асқан шағындағы туған еліне деген сағыныш сазы болса керек.



Шаһар – қала.

Ынтызарлық – сағыныш, құштарлық.

Үрмет – атақ, даңқ, құрмет.

Шайыр – суырыпсалма ақын.



3. Мәтіннен әл-Фараби отырған бақша суреттелген тұстарды тауып оқы. Осы үзінді бойынша қандай сурет салар едің?



4. Ғажайып бақта отырған әл-Фараби неге көңілсіз деп ойлайсың?



5. Мынадай топтарға бөлініп, әл-Фараби туралы сөйлеуге дайындалыңдар.

«Ғалым»

«Ойшыл»

«Ақын»

65

Хан Абылай



Кейіпкерлерді сипаттайсың және шығармадағы оқиғаның дамуын болжайсың.



1. Суретке зер сал.



хан
қолбасшы
батыр

- Суретте кімдер бейнеленген?
- Олардың қазақ батырлары екенін неден аңғардың?
- Суреттегі ақ боз атқа мінген батырды кім дер едің?
- Қазақ батырлары неліктен атқа қонды деп ойлайсың?

2. Өлеңді түсініп оқы.

Хан Абылай атандың

Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділдікпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз...
Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды.



Абылай хан

Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді,
Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз!
Хан Абылай атандың,
Арманың бар ма, хан ием.

Бұқар жырау



Бұқар жырау – Абылай ханның тұсында өмір сүрген жырау.



3. Кестемен жұмыс.

Өлең жолдары	Осы жолдар бойынша қандай суреттер салар едің?	Жиналған батырларға Абылай хан не айтты деп ойлайсың?
Өңкей батыр жиыл деп, Хан Абылай шақырды. Бір төбеге жиылды, Құм төбедей үйілді.		

4. Бұқар жыраудың айтқанына сүйеніп, Абылай ханды сипатта.

5. Өлеңді жаттап ал.



6. Мына анықтамалардың мағынасын ашатындай мәтін құрастырыңдар.

Абылай – батыр.

Абылай – хан.

Абылай – қолбасшы.

66


Алғашқы ұстаз



Дереккөздерден ақпараттар табасың
және сызбаға түсіресің.



1. «Кел, балалар, оқылық» өлеңін есіңе түсір. Оны жазған кім? Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, сарғыш түсті торкөздерден есімі шығады.



1. Оқығанды көңілге ... тоқылық.
2. Кел, ..., оқылық.
3. ..., балалар.
4. Шамнан ... жағылар.
5. ... көйлек үстіңде.
6. Қартайғанда мал

2. Өлеңді түсініп оқы.

алғашқы ұстаз
ағартушы
жазушы

Алғашқы қоңырау

Қағылды зор қоңырау, күмбірледі,
Аралап айлық жерді, күндік жерді.
Глесіп сол қоңырау үніменен
Қазақтың даласына білім келді.

Кім қаққан, аты-жөні кім қоңыраушының,
Даланың дүбірлеткен қойнау, шыңын!
Қалың ел, қара қазан, сары баланың
Қашанғы арын, қамын ойлаушы кім?

Сол сұрақ қоңырауға қосып үнін,
Бар қазақ аспанында ұшты бүгін.
«Ыбырай!», «Ыбырай!» деген жалғыз есім
Туған жер таза ауасын, құшты қырын.

Ғафу Қайырбеков

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Ғафу Қайырбеков – ақын



Ғафу Қайырбеков (1928–1994) Қостанай облысы Жангелдин ауданында туған. Оның «Дала қоңырауы» атты поэмасы бар. Онда Ы. Алтынсарин бейнесі сипатталған.

4. Ы. Алтынсарин туралы мәлімет жина.



5. Мынадай топтарға бөлініп, Ы. Алтынсарин туралы сөйлеуге дайындалыңдар.

«Ағартушы»

«Ақын»

«Жазушы»

6. Ы. Алтынсарин туралы білгеніңді сызбаға түсір.

67

Қазақтың бас ақыны



Сұрақ қоясың және жауап бересің.

1. Түсініп оқы. Берілген үлгі бойынша жауап бер.

Қазақтың бас ақыны – **Абай (шын аты – Ибраһим) Құнанбаев**. Одан асқан біз білетін ақын болған жоқ.

Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек.

Ұнамды, орынды болуына шыншылдық керек.

Мағыналы, маңызды болуына білім керек.

Абайда осы үшеуі де болған.

Ахмет Байтұрсынұлы

Бұрыннан білемін	Жаңа мәлімет

2. Мәтінді түсініп оқы.

Бала Абай

ұлы ақын
аудармашы
«Абай жолы»

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған.

Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге балалардан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы – әжесі. Одан қала берсе, шешесі.

Абай биыл ғана анық байқағандай. Мұның әжесі біртүрлі әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Бірде Абай сырқаттанып жатып, әжесінен әңгіме айтуын сұраған. Сонда әжесі ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен... – деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қалыпты, келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен... – деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол көбінесе өлең сөзді жиі айтатын...

Мұхтар Әуезов

3. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

Мұхтар Әуезов – жазушы, ғалым



Мұхтар Әуезов (1897–1961) қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында туған. Балаларға арнап «Көксерек» және т.б. шығармалар жазған.

Мұхтар Әуезов Абай туралы «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған. Онда Абайдың бүкіл өмір жолы: балалық, ересек шағы, шығармашылығы, сол кездегі қазақтың тұрмысы баяндалған.

М. Әуезов Абай туралы: «...Қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнатты», – деп жазды.



4. Абайдың аналарының аттарын тауып жаз.

Әжесінің аты –

Шешесінің аты –




5. Суретке зер сал. Сұраққа жауап беріп, тапсырманы орында.



- Суретте кімдер бейнеленген деп ойлайсың?
- Мәтінге сүйеніп, әжесі мен Абай арасында диалог құрастыр.

6. Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақты шеш.

1. Мәтін қалай аталады?
Бала ...
2. ... Абайдың жасы он үшке толған еді.
3. Абайдың әжесі әңгімесін қалай бастап еді?
4. Абай қайдан көп шықпайтын болды?
5. Абайға әңгімені кім көп айтушы еді?
6. Биыл әсіресе Абайдың ... өскен.



7. Абайдың шешесінің есімі кім?
8. Абай әжесінің әңгімесін қалай тыңдайтын?

7. Сөзжұмбақтың жасыл түсті торкөздеріндегі сөз тіркесін дауыстап оқы. «Абай жолын» кім жазған?

68

Халық поэзиясының алыбы



Мәтіннен қажетті ақпаратты
табасың.

1. Түсініп оқы. Жамбыл Жабаев туралы әңгімеле.

Жамбыл Жабаев – қазақ халқының көрнекті ақыны, жыршы, жырау



Жамбыл Жабаев (1846–1945) қазіргі Жамбыл облысының Хан тауы мен Жамбыл тауының етегінде туған. Жамбыл Жабаевты нағыз ақын ретінде байтақ елге танытқан – айтыс өнері.

2. Естелікті түсініп оқы.

Жәкем

Бір күні кешкілік есік алдына мәшине келіп тоқтады. Мәшинеден қимылы ширақ адам түсті. Ол амандықтан соң, Жамбыл атамды тез киіндіріп алып кетті. Біз ешнәрсе түсінбестен, үнсіз қалдық.

Ертеңінде ұйқыдан сергек ояндым. Екі-үш жігіт бағаналарға түсіп-шығып жүр. Ауыл адамдары лезде жиналып қалды.

– Ал енді құлақтарыңызды тосыңыздар, – деді. Кішкентай қара қорап радио екен. Арғы жағынан Жәкем жырларын төгуде. Атамды асығыс алып кеткен ақын Әбділда Тәжібаев екен. Алматыда өткен ақындар айтысына қатыстырылыпты. Жәкем жүйрік шығып, Мәскеуде өтетін Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысатын болыпты...

Кейіннен Жәкемді қарсы алуға Алматыға келдік. Пойыз тоқтағанда, өнер адамдарымен бірге атам да түсті. Адамның көптігі сонша, мен топтың арасында қалып қойдым.

Атам сондағы адамдарға:

– Осында менің бір қара қызым болуы керек. Оны маған жіберіндерші, – депті. Көпшілік екіге бөлінгенде атам мені іздеп, жан-жағына қарап келеді екен.

– Ата! – дедім. Дауысымды естіген Жәкем мені көтеріп алды. Маңдайымнан иіскеп, еркелеткен соң, қасына ертіп жүрді.

*Ділдахан Жамбылова
«Мөлдір бұлақ» журналынан*

Естелік – өмірде шынайы болған атақты тұлғалар мен оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың баяндап беруі.

3. Берілген мәтіннің естелікке жататынын дәлелде. Естелікті жазған кім? Ол кімді есіне алады?

4. Мәтіннен әке сүйіспеншілігі айтылған тұстарды тауып оқы.



5. Жамбыл ата сендерге де мейірімді сөздерін арнаған. Тыңда.

Шәкірт балаларға

Балдырған балғын балалар,
 Жасынан білім ойлаған.
 Айналам сендей жеткіншек,
 Қарасам – көзім тоймаған.
 Мәуелі сендер бәйшешек
 Өмірдің жазын тойлаған.
 Ұялы мен бір бәйтерек
 Ортаңда көктеп бойлаған.
 Сендерді қоссам жырыма,
 Саңқылдап үнім сайраған.
 Қаздаңдап кәрі саусағым
 Ішекте бойлап ойнаған.
 Мектептен сендер келгенше,
 Тағы да бір жыр ойланам,
 Келген соң айтып бермесем,
 Балалар, кінә қой маған!

халық поэзиясы
 айтыс ақыны
 естелік

Жамбыл Жабаев



6. Суретке сай келетін өлең жолдарын тап. Мағынасын түсіндіріп айт.



69

Күй атасы



Сөйлеу барысында суретті қолданасың.



1. «Күй өнері» тақырыбына 5 сөз ойластырыңдар. Мағыналарын түсіндіріңдер.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Құрманғазы

Ақмаңдай қыз құрбыларымен бірге өзен бойлап жидек теріп қайтқан. Жүзі жайнап, үйге көңілді енді. Төр алдында бұрын көрмеген бейтаныс қонақ отыр екен. Егде тартқан ата-ананың жалғыз қызы Ақмаңдай ешкімге артық көз тоқтатып қарамайтын ер мінезді, ерке бойжеткен болатын. Сол әдетімен үйдегілерге мойын бұрып қарамастан, үкілі сары домбырасына қол созған. Домбыраны алып, жұкаяқтың алдындағы көрпешеге жайланып отырды. Алғашқы бір-екі қағыстан-ақ құлағы теріс бұралып қалғанын байқады.

Ол қабағын шыта ата-анасына қарап:

– Мынаның құлағына кім тиген? – деді. Олар не дерін білмегендей төр алдындағы қонаққа қарады. Қонақ үнсіз қыз қимылын бағып қалған. Ерке қыз сөзін екі қайталамады. Домбырасының құлағын өз бұрауына түсіріп алды да, бір күйді тарта жөнелді. Бұл – Адай руының енді-енді аты шыға бастаған өнерлі қызы Ақмаңдай болса, тартып отырғаны «Адай» атты күй еді. Қонақ қыз тартқан күйді қалт етпей тыңдады. Күй аяқталысымен саңқ еткен үнмен:

– Қарағым, домбыраны бері берші. Күйдің күйін кетірдің ғой, – деді.

Мұндай сөзді күтпеген Ақмандай сасқанынан домбыраны бейтаныс қонаққа ұсына берді. Ата-анасы да аңтаң. Бұл өңірде Ақмандаймен өнер жарыстырар күйші аз болатын. Оның үстіне жаңағыдай сөзді бұрын-соңды естімеген еді.

Қонақтың домбыра тартысы, тартқан күйі үйде отырған үш тыңдаушысын сиқырлап тастағандай. Мына қонақтың тегін адам еместігі, ерекше жаратылысы, ерен өнері еріксіз мойындатқызып, бас игізген жайы бар.

Күй аяқталғаннан кейін, үй іші демін іштен алып, бір сәт үнсіз отырып қалды. Сәлден соң үй иесі қарт:

– Шырағым, домбыра тартысыңнан байқап отырмын. Қызылқұрт руынан шыққан Құрманғазы деген күй құдіреті бар деуші еді. Сен, сірә, сол боларсың? – деді.

Күйшінің саусақтарына қарап қалған қыз енді оның жүзіне қарады. Қонақ еңселі, ер тұлғалы, жүзі келісті, келбетті кісі екен.

– Болсақ, болармыз, – деді қонақ сәл күлімсіреп.

Бұл теңдесі жоқ тума талант, біртуар тұлға, қазақ халқының ұлы композиторы Құрманғазы Сағырбайұлы еді. Сонда тартқан күйі «Серпер» екен.

Ахмет Жұбанов

3. Мәтіннің авторы туралы деректі түсініп ал.



Ахмет Жұбанов (1906–1968) Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. Ол – композитор, қазақ музыкасын зерттеуші, көрнекті ғалым, дирижёр. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрін құрған. «Абай» операсын жазған авторлардың бірі.

4. Мәтінге сүйеніп, екі ұғымның арасындағы байланысты анықта.

Құрманғазы ↔ күй құдіреті

5. Берілген суретте мәтіндегі қандай оқиға бейнеленген? Өңгімеле.

күй өнері
күй атасы
күй құдіреті
күй тарту



6. «Қазіргі күйшілерден кімдерді атай аласың?» деген сұраққа жауап бер.



7. Топ алдында сөйлеуге дайындал.

1. Пікір: «Күй тарту – қазақ халқының ұлттық өнері».

2. Дәлел: ...

3. Мысал:

4. Қорытынды.

70

Күш атасы



Шығарманы жоспар бойынша
әңгімелейсің.

1. Қазақша күрес сөзінің мағынасын ашатын сөздерді ата.
2. Мәтінді түсініп оқы.

балуан
композициялық құрылым
оқиғалар тізбегі

Балуан
(*Естелік*)

Қажекең Жер шарының жиырма төрт елін аралап, олардың балуандарымен белдескен. Алтыны бар, күмісі бар – барлығы 48 медаль алған. Медальдарын ені бір жарым қарыс қызыл масаты матаға тағып, кеудесін айналдыра асынып алатын болған.

Ол 1905 жылы Қытай еліне барады. Бұл сапарға Ресейден он сегіз балуан қосылған еді.

Құрамында Поддубный болмайды. Қажекең ресейлік балуан Поддубныймен бірге жүріп күресетін. Жол жүрерінде Поддубный оған:

– Қажымұқан, қасыңдағы серіктерің – сенімді жігіттер. Бәрі де алып күштің иесі. Бірақ олар әлі ысылмаған, жас балуандар. Сондықтан үлкен балуан келгенде, белдесуге өзің шық, – дейді. Қажымұқан досының осы сөзін есінен шығармайды.

Сайыс Харбин қаласында өтеді. Оған отызға жуық балуан жиналып, күш сынасады. Алғашқы күнгі бірер күрестің өзі Ресей балуандарының басымдылығын көрсете бастайды.

Арада бірер күн өткен соң, кілемге Сар-Кекен (Са-

ракики) дейтін балуан шығып, ажал күресіне түсетінін айтады.

Жапондар оны «жию-жицу» дейді екен. Ресей балуандары бұл күрестен бейхабар еді. Сондықтан ешкім белсеніп, ортаға шыға қоймайды. Сар-Кекен болса кілем үстінде жүріп алады. Төреші де қайта-қайта жар салады. Болмаған соң, Қажымұқан тәуекелге бел байлап, ортаға шығады.

Әу дегеннен Сар-Кекен мысықша қимылдап, балуанды айнала жүреді. Өзіне беймәлім күрестің сырын бағдарлаймын дегенше, Қажымұқанның бір жақ беті мен ерні жұлынып, қан сорғалайды. Сар-Кекен мысықша атылып, тиген жерін пышақша тіліп, қақ айырады екен. Екінші рет қоңырау соғылғанда Қажымұқан ашуға булығып, шындап қайратына мінеді. Денесінің ауырғанын елеместен, Сар-Кекенді желкесінен бір қойып қалады. Жапон балуаны жеңіліс табады. Цирк іші лезде айқай-шуға толып, жапондар қарсылық көрсете бастайды. Ресейдің он сегіз балуаны ешкімді жолатпай, үркердей топтанған күйі цирктен шығып, елшілер үйіне келеді де, түнгі пойызбен кері қайтады. Бәрі қуанышты: бірі Қажымұқанның жарақатын таңып жатса, бірі сусын береді, енді бірі бетін сүртеді. Бес-алты күннен соң, Петерборға жетіп, Қажымұқан ауруханада емделеді. Оны ең жақсы деген дәрігер қарап, достары да жалғызсыратпай жиі келіп тұрады. Әсіресе Поддубный ертелі-кеш қасынан шықпайды. Ол әркез: «Осыншама күш саған қайдан бітті?» – деп риза көңілмен таңырқап сұрап қояды.

Әуелбек Қоңыратбаев



Бейхабар – хабарсыз.



3. Суретке қара. Мәтінге сүйеніп, Қажымұқанды сипаттап айт.




4. Мәтіннің композициялық құрылымына талдау жаса.

Құрылымы	Оқиғалар тізбегі
Басталуы	
Жалғасуы	
Аяқталуы	



5. Суретке қара. Мәтіндегі оқиғамен байланысы бар ма? Кіммен күресіп жатқанын болжап көр.



6. Мәтінге жоспар құр және өңгімеле.

71

Халық ұстазы



Нақты ақпаратты сөйлеуде пайдаланасың және сызбаға түсіресің.

1. Берілген пікірді пайдаланып, Ахмет Байтұрсынұлы туралы өңгімеле.

1. Ахмет Байтұрсынұлы – халықтың рухани көсемі.

Мұхтар Әуезов

2. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін.

Сәкен Сейфуллин

3. Біз бүгін Аханның «Әдебиет танытқышын» Аристотельдің «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі – екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің әліпбилері.

Зейнолла Қабдолов

4. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы.

Рәбиға Сыздық

2. Мәтінді түсініп оқы.

Бала Ахмет

Ахмет шыр етіп жарық дүниеге келген Сарытүбек – жердің шеті дерлік бір түкпір. Ақкөл атты көлі бар. Сол сайын далада дүниеге нәресте келді. Атын Ахмет деп қойған. Бала өсіп жатты, қабілетті болып өсті. Айтқанды қағып алады. Зерделі бала. Ол өз бетінше сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады.

Ахметтің дамып, өсуіне Торғай өңіріндегі ақындық мектебі де әсер етті. Ол Жұмабай, Есенжол, Сейдахмет ақындардың жырларын тыңдап өсті. Домбыраны әрі ақын, әрі композитор Есенжол Жанұзақұлынан үйреніпті. Сейдахмет ақын бала Ахметті ерте-ақ танып:

Елетпей көк өрімдей болғандығын,
Танытқан таңғажайып алғырлығын.
Әдейі Ахметке өлең арнап,
Қолыма домбырамды алдым бүгін.

Бақ қонды оннан жаңа асқанында,
Асарсың өнердің сан асқарын да.
Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен,
Жұлдыз боп қазағымның аспанында, –

ақын
ұстаз
ғалым

деген. Дана ақын бала ақынның болашақта қазақ аспанында жұлдыз боп жанатынына сенген.

Ахметтің ұстаздық жолға түсуіне Ыбырай Алтынсариннің әсері мол болды. Ол Ыбырай мектебінің үздік әрі жүйрік шәкірті атанды. Ұлы ұстаз қалдырған өнеге мен тәлімді көрді, оған еліктеді.

Қоғабай Сәрсекеев. «Ұлт ұстазы» кітабынан



Көк өрімдей – жап-жас.

3. Мәтінге сүйеніп, бала Ахметті сипатта.



4. Мәтінде Сейдахмет ақын Ахмет туралы не дейді? Қалай ойлайсың, ақын үміті ақталды ма?



5. Топқа бөлініп, сөйлеуге дайындалындар. Жоғарыда келтірілген пікірлерді пайдалануды ұмытпаңдар.

1. Ахмет Байтұрсынұлы – ақын.
2. Ахмет Байтұрсынұлы – ұстаз.
3. Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым.

6. Ахмет Байтұрсынұлы туралы білгеніңді сызбаға түсір.



72

Кейіпкер портреті



Кейіпкерлердің портретін сипаттайсың.

1. Міржақып Дулатов туралы не білесің? Бір-біріңе 3 сұрақ қойып, ой бөлісіңдер.

2. Түсініп оқы.

ақын
ақынның өсиеті
кейіпкердің портреті

Аяулы Жақан

Міржақып менен көп кіші, әрі інім, әрі баламдай қолымызда тәрбиеленді. Дәнеш шешелері баласын

апыл-тапыл жүре бастағанында-ақ арқасынан түсірмей, ауыл сыртында молдадан оқып жатқан шәкірттердің жанына барады екен. Баласы жығылып қалмасын деп, күңшаш деген жұмсақ шөпті жіп тәрізді есіп, белінен байлап, өзі бір ұшынан ұстап, балалардың арасына қоя беріп, қызығына қарап тұратын болса керек. Олардың қағаз-қаламдарына жармасқан баласын көрген шешесі мәз болып: «Менің жаным да ержетіп, оқымысты болады, көрген аян түсім бар, сол келеді» деп қуанады екен. Бірақ анасы Дәнештің өмірі ұзақ болмады. Міржақып бар болғаны екі жасқа толғанда, жетім қалды.

Міржақып өзі қатарлас балалардан бойы аласалау болып өсті, бірақ денесі тығыршықтай жұмыр, шапшаң қимылды болды. Үстін таза ұстап, жинақы жүретін.

Әкеміз Міржақыпты жастайынан оқуға берді. Оның алғаш сауатын ашқан кісі – Мұқан Тоқтыбаев. Міржақып ауыл мектебін үздік бітіріп, оқуын әрі қарай жалғастырып, Торғайдағы екіжылдық мұғалімдер училищесіне түсті. Мұны бітіргеннен кейін де өз білімін толықтыру үшін көп ізденетін. Сол кездегі белгілі орыс, татар жазушыларының кітаптарын оқитын. Газет беттерінде жарияланып жүрген екі кісінің жазғандарын қатты ұнататын. Авторларын сырттарынан ғана білетін. Бұл кісілердің бірі – ақын Ахмет Байтұрсынов, екіншісі – белгілі қайраткер Әлихан Бөкейханов болды. Міржақыптың бар арманы осы екі ағасымен кездесу еді...

Оның тұңғыш өлеңдер жинағы «Оян, қазақ!» атымен жарық көрген. Міржақып қолына кітабы тиісімен, ең алдымен, өзіме, одан кейін туыстарға сыйлыққа таратқан болатын. Қуанышым қойныма сыймай, барлық ағайын-жекжаттардың басын қосып, мал шалып, өзімше той жасадым. «Оян, қазақ!» қолдан-қолға тимей, аз уақыттың ішінде тез тарап кетті.

Міржақып «Оян, қазақ!» кітабында ұран салып, халқын өнер-білімге шақырған. Қазақ елінің басқа жұртпен терезесі теңеліп, іргелі ел болуын көксеген.

Асқар Дулатов



3. Ойды аяқтап айт.


Берілген шығарма естелікке жатады. Өйткені ...

4. Мәтіннен бала Міржақыптың портреті суреттелген жолдарды тауып оқы.

5. «Жұмбақ портрет» ойыны. Аты-жөнін жұмбақтап, сыныптасыңның портретін сөзбен сипаттап көр. Сыпайы сөйлеуді ұмытпа.



6. Мәтіндегі мәліметтерді пайдаланып, «Төңкерілген пирамида» әдісімен М. Дулатов туралы әңгімеле.



«Төңкерілген пирамида» әдісін пайдаланғанда сөйлейтін сөзіңді бір сөйлемнен бастайсың. Екінші мәселеге – екі сөйлем. Үшінші мәселеге – 3 сөйлем. Соңында қорытынды – 4 сөйлемнен кем емес.

73

Қазақтың бұлбұлы



Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қоясың.

1. Опера туралы не білесің? Топтастыру жұмысын жаса.



2. Мәтінді түсініп оқы.

әнші
өртіс
қазақтың бұлбұлы

Күләш

Күләштің өнерді қастерлеп, ән-күйге әуес болып өсуінде белгілі бір заңдылық та жоқ емес.

Әкесі Жасын – әжептәуір әнші болған, сері адам. Кезінде әйгілі Әсетпен, Балуан Шолақпен бірге де жүріпті. Бір ағасы Манарбектің әншілігі – анау, Айтбек ағасы да әнді әдемі салатын, сырнайға қосылып айтатын. Осындай ортада өсіп, тәрбие алған Күләш өнерге жақын жүрмей қайтсін?!

Күләш табиғатында ашық-жарқын, көңілді жүретін адам еді. Титтей нәрсеге бола қуана салатын, оны қуанту оңайдың оңайы еді. Ренжи қалса, реніші көпке ұзамайтын, кек сақтап қатып қалу дегенді білмейтін. Таланты қандай жарқын болса, мінезі де сондай жарқын жан болатын.

Қазақта өнер адамдарына баға бергенде «арқасы бар екен» деп жатады. Сірә, сол пікір әркімнің қолынан келе бермейтін, адам түсінігі жете бермейтін шеберлік көрсеткендерге айтылатын болу керек. Өншейіндегі өзің сияқты адамның өзгеріп кеткенін көргенде, еріксіз солай дейді екенсің. Күләштің Қыз Жібекті ойнағанын көргенде, нағыз арқасы бар адам екенін білдім. Күләш емес, Қыз Жібектің өзі келіп ойнап жатқан секілді: өз қимылы өзіне таныс, өз әні өз дауысына сай, бәрі өзінің туғалы істеп келе жатқан әдеттегі істері тәрізді, бүкіл сахнаны өзі биледі де кетті.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің алғашқы онкүндігі Күләшті жаңа қырынан танытты.

Содан былай «қазақтың бұлбұлы» деген атты Күләшқа бәріміз сүйсіне айтатын болдық. Оның шын бұлбұл екендігіне елдің де көзі жетті, бұлбұл екендігіне Күләш та көзімізді жеткізді.

Қанабек Байсейітов

3. Мәтіннің естелікке құрылғанын дәйекте.



4. Берілген сурет пен сөздердің байланысын анықта. Тірек сөздерді пайдаланып, К. Байсейітова туралы әңгімеле.

Жасын

Манарбек

Айтбек



Күләш Байсейітова

Қыз Жібек

Қазақтың бұлбұлы

5. Мәтін оқиғасына құрылған жоспарды рет санымен сәйкестендір. Өз қалауыңша мәтін бөліктерін әңгімеле.

Жоспары

Рет саны

=

Бөлімнің атауы

1



Қазақтың бұлбұлы

2



Жарқын мінезді

3



Отбасы өнегесі

4



Сахна шебері

6. Осы мәтінге өзің қандай жоспар құрар едің?

74

Батыр ата



Кейіпкердің іс-әрекетін
бағалайсың.

1. Ұлы Отан соғысына қатысты ерлік туралы сөздерді дұрыс, түсініп оқы. Жаттап ал.

- Батыл болмай, батыр болмайсың.
- Өжет адам өлімді жеңеді.
- Тәуекелшіл тайынбайды.
- Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізеді.
- Қорқақ қол бастамайды.

2. Әңгімені түсініп оқы.

Батырдың мінезі

– Шайқас кезінде жауынгерлерге жігер беретін ең күшті жебеуші нәрсе не, Бауке? – деп сұрадым батырдан.

– Командирдің жекебасының қайраты, – деді Бауке.

– Осыған байланысты өз майдан жолыңыздан бір әңгіме айтып беріңізші, Бауке.

– Немене, мақтануым керек пе?

– Жоқ, болған оқиғаны айтып беруіңізді сұраймын.

– Тыңда, ендеше... Бір жолы біздің батальон қалың орманға қарай бет алды. Орманға жүз елу-екі жүз метрдей таянып қалдық. Оқ бойы алдымызда бара жатқан екі шолғыншы жауынгердің біреуі көмілген минаға ұрынып, аспанға ұшты. Екінші шолғыншы да алға қарай бір-екі аттап қалғанда, минаға соғылды. Бәріміз де тоқтай қалдық. Мина көмілген алаңға киліккенімізді түсіндік. Енді ілгері жүру қауіпті. Бірақ кейін шегінуімізге болмайды. Қайткенде де орманға кіруіміз керек. Бекініс жасар жер алдымызда. Жауынгерлеріме қарадым. Бәрі тым-тырыс. Аяқтарын бір қадам ілгері аттап басуға ешбіреуінің де батылдары жетпей тұрғанын өңдерінен таныдым. Енді не амал табуым керек?

Менің астыма мінген атым бар болатын. Тәуекелге бел байладым да, атпен алға тура жүріп кеттім. Орманға жеткен соң бұрылып, кейін қайырылдым. Осылай ерсілі-қарсылы екі рет жүріп өтіп, із салдым. Сонан соң жауынгерлерге:

– Еріңдер соңымнан! Бір ғана қатармен, біріңнің артыңнан бірің менің ізіммен тұп-тура жүріп отырыңдар! – деп бұйрық бердім.

Қозғалып кеттік. Орманға жеткенше еш жағыма бұрылып қарағаным жоқ. Екі көзім тек алда болды. Соңымнан жігіттердің көздерін менен айырмай, аяқ-



батыр
тәуекел

тарын батыл басып келе жатқандарын ішімнен сезіндім.
Қауіпті зонадан бәріміз аман өттік.

– Мина көмілген жерді кесіп жүріп келе жатқаныңыз-
да қатерге ұшырармын деп қауіптенбедіңіз бе?

– Тәуекелге бел буған адамды қорқыныш билемейді.

– Соғыста ең қауіпті нәрсе не?

– Паника. Қазақшалап айтқанда – үрей.

Нығмет Ғабдуллин

3. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

Нығмет Ғабдуллин – жазушы, ғалым



Нығмет Ғабдуллин (1927–2005)
Ақмола облысы Атбасар ауданы Шұң-
қыркөл ауылында дүниеге келген. Ұлы
Отан соғысының батыры Бауыржан
Момышұлы туралы әңгіме жазған.

4. Мәтіндегі оқиға кімдердің арасында құрылған?



5. Мәтіннен нақыл сөзді тауып, дәптерге жаз.

6. 1-тапсырмада берілген нақыл сөздердің мәтінге қатысын айт. Кімге қатысты? Неліктен?



7. Осы нақыл сөздердегі жеке сөздерді пайдаланып, Бауыржан Момышұлын сипатта. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы – тәуекелшіл ...*



8. Осы әңгіме бойынша қандай сурет салар едің?

75

Пулемётші батыр қыз



Батырдың портретін
көркемсөзбен сомдайсың.



1. Түсініп оқы және дәптеріңе жазып ал.

Мәншүк Мәметова – пулемётші, батыр қыз. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан.

2. Белгілі ақын Сәду Машақовтың Мәншүк туралы өлеңін түсініп, дұрыс оқы. Шапшаң және мәнерлеп оқуға жаттық.

Мәншүк

Сілкінтіп зеңбіректер жердің жүзін,
Оқ борап, снарядтар қаққанда ызың,
Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған
Мен көрдім пилоткалы қазақ қызын.

Қолында пулемёті «Максим» оның,
Бойында күш-жігері тасқын оның.
Ерлермен тізе қосып шабуылда,
Оғымен қырғын майдан ашты жолын.

Көзінен ұшқын өрттей лапылдаған,
Жауына қаһар тігіп қатуланған.
Отан үшін шайқасқан ауыр күнде,
Тәнсе де өлім қаупі, жасымаған.

Сәду Машақов



Мәншүк Мәметова

батыр қыз
пулемётші
батырдың портреті



Қаһар – ашу, ыза.

Қатуланған – ашуланған, кектенген.

Жасымаған – көңілі босамаған, әлсіздік көрсетпеген.

Қауіп – қорқыныш, қатер.

3. Қызу ұрыстың жүріп жатқанын өлеңнің қай жолдарынан байқадың?

4. Мәншүктің пулемётші екенін неден аңғардың?

5. Сөз-сандықта белгіленген сөздерді оқы. Сөздерді өлеңнен тап.

6. Ақын сөздерін пайдаланып, Мәншүкті сипаттап жаз.

Кейіпкер	Сипаттама
Мәншүк	Өлім қаупінен жасымаған

7. Өлеңді жаттап ал.

76

Мерген қыз



Нақыл сөздерді түсінесің және қолданасың.



1. Түсініп оқы және дәптеріңе жазып ал.

Әлия Молдағұлова – Ұлы Отан соғысына қатысқан мерген, батыр қыз.

2. Белгілі ақын Сағи Жиенбаевтың Әлия туралы өлеңін дұрыс, түсініп оқы.

Әлия

Даламыздың даңқысың,
Балауса гүл – балғын қыз.
Жанын қиып халқы үшін,
Жанып түскен ақ жұлдыз.

Мәңгі жасап жерде енді,
Биік бол деп таулардан,
Сенің балғын бейнеңді
Жасап қойдық мәрмөрдан.

Бірге соқсын дүрсілдеп,
Туған жермен жүрегің.
Ауасында жүрсің сен –
Өнге қосып жүр елің.

Сағи Жиенбаев



Әлия Молдағұлова

мерген
батыр қыз
ерлік



Мәрмөр – құрылыста пайдаланылатын сәнді жылтыр тас.

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Сағи Жиенбаев – ақын



Сағи Жиенбаев (1934–1994)
Ақтөбе облысы Байғанин ауданында дүниеге келген. Балаларға арналған «Қарлығаш», «Сыйлық» атты жыр жинақтары бар.

4. Өлең шумақтары бойынша сұрақ қойып, жауап бер.



5. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал.

6. Қажетті сөздерді тауып, нақыл сөздерді дауыстап айт.

- ... есімі – ел есінде.
- Еліңді сүйсең – ... істейсің.
- Батыл болмай, ... болмайсың.
- ... адам өлімді жеңеді.
- Тәуекелге бел буған адамды ... билемейді.
- ... қол бастамайды.

77

Тұңғыш ғарышкер



Сұхбат алуды білесің.



1. 2-сыныпта оқығаныңды есіңе түсір. Суретке қарап, сөйле.



2. Өлеңді түсініп оқы.

Тоқтар батыр

Айналады ел бір сенен,
Есіміңді білсе өлем.

ғарышкер
зымыран
сауалнама
сұхбат

Ғарышқа ұшқан қазақтың
Тұңғышына мың сәлем.

Тоқтамайды осы аңыз,
Біз жолыңды тосамыз.
Тоқтар батыр ерлігін
Күнде өлеңге қосамыз.

Ерлік пенен жыр егіз,
Оны жастан білеміз.
Біз Тоқтардың есімін
Ту ғып ұстап жүреміз.

Тұманбай Молдағалиев

3. Өлеңді жаттап ал.



4. Өлеңді тыңда.

Ұшты зымыран аспанға

Көшемізде көп бала
Жиналады топтала.
Соқпайды олар аққала,
Жүгірмейді доп қаға.

Ойнамайды «соғысты»,
Ұнатпайды бұл істі.
Баяғыдай асықты
Атудан да қашыпты.

Енді олардың өнері –
Зымыранның моделі.
Бірі қазып үңгірді,
Орнатар мықты тұғырды.

Қояды оған төндіріп,
Зымыранын қондырып.
Енді бірі газ беріп,
Басқасы қарар мәз болып.



Шүріппені бірі басқанда,
 Ұшты зымыран аспанға...
 ...Ғарышты құшар кез келіп,
 Ойын да кетті өзгеріп.

Бүркіт Ысқақов



Зымыран – ғарыш кемесі.

Моделі – бейнесі, үлгісі.

Ғарыш – ауасыз кеңістік, аспан әлемі.



5. Ойларыңды тақырыпқа сай жүйелеп айтыңдар.

1-топ. Ғарышкер болу үшін ...

2-топ. Ғарышкер болсам ...



6. Егер журналист болсаң, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтен сұхбат алу үшін қандай сұрақтар қояр едің?

Сауалнама – берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ақпарат жинау.



7. «Ғарышкер» атты 5 жол өлең құрастыр.

78

Нені үйрендім?



1. «Кім жылдам?» ойыны.

Тақырыбы: Атақты тұлғалар.

Мақсаты: Кезектесе отырып, қажетті сөзді атау.

Уақыты: 1 минут.

Қазақтың бұлбұлы	...
...	ғұлама ғалым
Қазақтың бас ақыны	...
...	халық поэзиясының алыбы
Күй атасы	...
...	күш атасы
Халық ұстазы	...
...	батыр ата
Пулемётші батыр қыз	...
...	мерген қыз
Тұңғыш ғарышкер	...
...	Абылай
Алғашқы ұстаз	...



2. Жоғарыда берілген тақырыптардың біреуін таңдап алып, шығарма жаз.

Үлгі: Күй атасы – Құрманғазы.

Жоспары:

1. Күйшінің өмірі.
2. Құрманғазының күйлері.
3. Күй құдіреті.

атақты тұлғалар
ғұлама ғалым
ұлы ақын
жарық жұлдыз



СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

79

Су – тіршілік көзі



Шығармаға жоспар құрасың және әңгімелейсің.



1. Бөлімнің қалай аталатынына мән беріңдер. Пікірдің дұрыстығына дәлел келтіріңдер.

Үлгі: Су – тіршілік көзі. Өйткені ...

1. ...
2. ...
3. ...



2. Мәтінді тыңда.

су
тіршілік
жоспар

Ақбас торғай (Ертегі)

Ерте, ерте, ертеде бір жылдағы үш жүз алпыс бес күн бойына тырс етіп, жаңбыр тамбапты. Жер бетіндегі мәуелеп өскен ағаш та, құлпырған әсем гүлдер де, жайқалып тұрған өсімдіктердің жапырақтары да шыжыған ыстықтың салдарынан сарғайып солыпты. Бұдан былайғы жерде тірі жүрудің қиындығын білген құстар су табудың амалын қарастыру үшін көп болып жиналып, кеңес құрыпты.

Сонда құстардың бірі:

– Теңіз жағалауына барсақ, кеберсіген тұмсығымыздың суға тиюі сөзсіз ғой. Бірақ ол тым алыс, енді не істесек екен? – депті. Ақ тырна:

– Оның шарасы жеңіл! Теңіз жағалауынан шоқып, бір арық қазсақ, судың өзі ағып келеді, – депті.

Құстар бұл ақылды жөн көріп, теңіз жағалауынан арық қазуға бармақшы болыпты.

Тек бір торғай ғана «жаным қиналмасын» деп, төбе жағын аппақ қып бояп алыпты да, құстарға:

– Қылшылдаған жас емес, қырқылжыңның бірімін, басым да ағарды! Бұл жұмысқа қайтіп атсалыспақпын? – депті.

Құстар оған «қалсаң, қал» дегеннен басқа ештеңе айта алмапты.

Сөйтіп, құстар теңіз жағасынан тұмсықтарымен шоқып, арық қазуға жапа-тармағай аттаныпты. Олардың шоқи-шоқи тұмсықтары қанап кетіпті. Шыжыған ыстық күн қанаттарын күйдіретердей болыпты.

Олар ыстықтан шаршап, өлуге айналғанда ғана суы бар салқын жерге барып, аз тыныстап алып, жұмыстарын қайта жалғастырады екен.

Сөйтіп, олар жеті күн, жеті түн тынбай еңбектеніп, теңіз жағасынан арық тартып әкеліпті. Су ағып өткен алқап жасыл түске еніп, гүлбәйшешек құлпыра ашылып-



ты. Бұны көріп, шаттанған құстар шаттық әнін шырқап, қуаныштарын салтанат етіпті.

Басын ақ бормен бояған торғай ғана ішқұса болып жабырқайды екен. Қанат қағып шарықтауға, ән шырқауға оның дәті бармапты. Басқалар мазақтап күле ме деп, басын да көтере алмапты. Қанша жуып арпалысса да, басындағы ақ борды кетіре алмапты. Сондықтан жұрт оны қазірге дейін «ақбас торғай» деп атайды екен.

«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 73-том

3. Мәтін неліктен ертегіге жатады?



4. Ертегіні басқаша тағы қалай атауға болатынына мән беріңдер. Осының ішінде ең басты тақырып қайсы деп ойлайсыңдар?

Құстардың тіршілігі. Құстардың қуанышы. Су – тіршілік көзі. Жалқаулық.



5. Мәтіндегі суреттерді пайдаланып, ертегіні әңгімеле.



6. Ертегі бойынша берілген суреттерге тақырып қойып, әңгімеле.

1.



2.



7. Ертегіні бөліктерге бөліп, ат қой. Өңгімеле.



8. «Су – тіршілік көзі» деген пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін мәліметтер санын 5-ке жеткізіңдер.

Үлгі: Су – тіршілік көзі. Өйткені ...

1. ...
2. ...
3. ...
4. ...
5. ...

80

Өзеннің пайдасы



Ойыңды көркемсөзді қолдана отырып жеткізесің.



1. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



- Суретте не бейнеленген?
- Таза ауа, мөлдір судың адамға қандай пайдасы бар?
- Сурет саған қалай әсер етті?

2. Түсініп оқы.

өзен
сарқыраған өзен
тасыған өзен

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңнен бар дертіңді қашырады.
Өксіген, оттай жанған жануарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең, лай қалмайды,
Тасыса, су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын, шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап, күн көреді жанабында,
Дәм болар алуан-алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында.

Ыбырай Алтынсарин



Қынарда – жағасында.
Жанабында – маңайында.



3. Семантикалық картаны толтыр (+).

Көркемсөздер	Шөп	Өзен	Жануарлар	Балықтар
сарқыраған алуан-алуан айнадай жарқыраған тасыған көк шалғын оттай жанған аққан				

4. Адамдар неліктен суды құрметтейді? Ол туралы өлеңнің қай жолдарында айтылған?



5. Кестедегі көркемсөзді пайдаланып, өлеңді қарасөзбен өңгімеле.



6. Өлеңге сүйеніп, өзеннің пайдасы туралы мәтін құрастыр. Ақын қолданған көркемсөзді пайдалан.

81

82

Таза бұлақ



Ойыңды нақыл сөздер, суреттер арқылы тұжырымдайсың.



1. Түсініп оқы және сұраққа жауап беріп көр.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір тасты қойыпты да, тасқа: «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!» – деп жазыпты.

Осы жазуды сен қалай түсінесің?

2. Түсініп оқы.

Таза бұлақ

«Таза бұлақ»
мөлдір бұлақ
ақыл сөз

Бір бұлақтың басында үш жолаушы бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен.

Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын жерге қазандай бір қара тасты қойыпты да, тасқа: «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!» – деп жазыпты.

Үш жолаушы бұлақтан шөлдері қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көздері түседі. Сонда бір жолаушы тұрып былай дейді:

– Бұл жазылған ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мынадай ғибрат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып, тоқталып қалма. Сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратыңа жетесің дегені деп білемін, – дейді.

Сонда екінші жолаушы басын шайқап:

– Жоқ, мен олай ойламаймын, – дейді. – Бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаныңыздан гөрі тереңірек соқса керек: бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, рақаттандырады. Сусағанның шөлін қандырады. Онысы үшін ешкімнен ақы дәметпейді. Олай болса, бұл «біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе» деген ақыл болады.

Жолаушының үшіншісі – көркем жас жігіт үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» деп сұрады.

Жігіт айтты:

– Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді. Бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адамнан гөрі айуан ынтық болар еді. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін бұған адам ынтық. Олай болса, бұл жазудың мағынасы мынау: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай

таза сақта. Бұлаққа қарасаң: күн түссе – күннің, шөп түссе – шөптің сәулесін көреміз. Ендеше, көңілің сол сияқты сыртқа ашық көрініп тұрсын деген ғой деймін, – депті.

Ыбырай Алтынсарин



3. Мәтіннен суреттегі бұлақ сипатталған жолдарды тауып оқы. Бұлаққа қатысты көркемсөздерді дәптеріңе жазып ал.




4. Топтарға бөлініп, әр жолаушының пікірінің дұрыстығын жақтап, дәлелдендер. Қорытынды сөздеріңді нақыл сөзбен тұжырымдаңдар.

Үлгі: 2-жолаушыны жақтаушы топ:

Жақсылығың үшін ақы сұрама.

5. Сызбаға қарап, Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді тұжырымдап айт.



83

Судың қасиеті



Тыйым сөздерді білесің және
қолданасың.



1. Өлеңді оқы. Пікір білдір.

киелі су
тыйым сөздер

Су иесі – Сүлеймен,
Судан балық тілеймін.
Судан балық бермесең,
Үйге барып не жеймін?

«Жас өркен» газетінен

2. Мәтінді түсініп оқы.

Көкқұтанның ақылы

Күндердің бір күнінде бір сиқыршы Сүлеймен патшаға мәңгі өмір сыйлайтын суды сыйға тартқан екен. Киелі суды ішу-ішпеуі жөнінде ақылдаспақ болып, күллі аң мен құстарды жинайды. Ұзамай хайуанат біткен тегіс бас қосады. Тек ұзынсирақ Көкқұтан ғана келмейді.

Сонда Сүлеймен патша тұрып, Итке тіл қатады:

– Сенің басқалардан байбаламың көптеу еді, сен барып, Көкқұтанды азғырып әкелші маған, – дейді.

Ит шынымен-ақ Көкқұтанды ертіп әкеледі.

– Уа, Көкқұтан, көнекөз кемелім, мына бір киелі суды ішейін бе, ішпейін бе, соны айтшы? – дейді Сүлеймен.

– Егер мына суың өзіңнің барша дос-жарандарыңа, туған-туысқандарыңа және ұшқан құс, жүгірген аңға жететін болса, онда бұл суды ішіп қой. Тамшысын да

қалдырма. Сонда өмірден бақытты да, қуанышты да табасың. Бірақ оны бір өзің ғана ішсең, мәңгі бақи өкініп-опынумен өтесің. Жалғанда соқа басың сопайып, жалғыз қаласың, жақын-жуығыңның бәрі баяғыда кеткен соң, бір өзің не қуаныш, не қызық көріп жарытам дейсің.

– Япырым-ай, сен шынында да данышпан екенсің. Мұны маған сенен басқа тірі жан айта алмас еді, – дейді Сүлеймен риза болып.

Сөйтіп, ол киелі суды ішпейді.

Пошшо Қожа

Аударған Әбдімәлік Жұмабаев

3. Сүлеймен патша киелі суды ішуден неге бас тартты? Пікір білдір.



4. Суға қатысты тыйым сөздерді жалғастырып жаз.

1. Түнде су төкпе.
2. ...
3. ...
4. ...
5. ...



5. Суды үнемдеу дегенді қалай түсінесің? Осы бағытта қандай ұсыныстар айтар едің? Топ алдында сөйлеуге дайындал.

84

Суды қалай ішеді?



Мәтінді сахналайсың.



1. Су сөзіне қатысты 5 сөз және 5 сурет ойластырыңдар.

2. Өлеңді рөлге бөліп, мәнерлеп оқуға жаттық.

Жануарлар суды қалай ішеді?

Жылқы



- Жан-жағына елеңдеп,
Үзіп-үзіп ішеді.
- Тұнық суға тереңдеп,
Жүзіп-жүзіп ішеді.
- Себебі не сондағы?
- Тым талғампаз болғаны.

Қой

- Бас алмастан сіміріп,
Демде қанып алады.
- Томпаң-томпаң жүгіріп,
Өріске ұзап барады.
- Себебі не сондағы?
- Адал, момын болғаны.



Түйе

- Ұзын мойнын қашыққа
Бұрып тұрып ішеді.
- Асық, мейлің, асықпа,
Тұрып-тұрып ішеді.
- Себебі не сондағы?
- Сабырлы, нық болғаны.



Ешкі

- Қойларменен таласып,
Иықтасып ішеді.
- Өркімге бір жанасып,
Тиіп-қашып ішеді.
- Себебі не сондағы?
- Ұшып-қонба болғаны.



су ішу
сусын
мәтінді сахналау

Сиыр



– Қара мұның айласын,
Байқап-байқап ішеді.
Шаңырақ мүйіз дәу басын
Шайқап-шайқап ішеді.
Себебі не сондағы?
– Сәл мазаңдау болғаны.

Ит

– Шашыратып, шығындап,
Жалап-жалап ішеді.
Жан-жағына ырылдап,
Қарап-қарап ішеді.
Себебі не сондағы?
– Тым қызғаншақ болғаны.



Мысық



– Көзін жұмып көлгірсіп,
Жалап-жалап ішеді.
Бәрін өзі білгірсіп,
Санап-санап ішеді.
Себебі не сондағы?
– Сонша сараң болғаны.

Сейіл Боранбаев



Сіміріп – тоқтамастан ішу.

Ұшып-қону – ұшқалақ.



3. Мәтінді сахналаңдар.



4. Өзің қандай сусын ішесің? Қандай сусын ішкен пайдалы деп ойлайсың?



5. «Судың денсаулыққа пайдасы» деген тақырыпта сөйлеуге дайындал.

85

Жаңбыр



Ойыңды көркемсөзбен
жеткізесің.



1. Жаңбырға қатысты 5 сөз ойластырыңдар.

2. Өлеңдерді мәнерлеп оқы.

жаңбыр
нәсер

Жаңбыр жауды

Жаңбыр жауды себелеп,
Жасырынды көбелек.
Аспан кетті күркіреп,
Бұл не деген керемет?!

Тау мүлгіді жаңғырған,
Қорыққандай жаңбырдан.
Бара жатыр қара бұлт,
Көк аспанда қаңғырған.

Бұлттан түсті моншақтар,
Гүлге қонған мол шықтар.
Алақайлап жүгірдік,
Қандай қызық сол шақтар!

Нұрсұлтан Әлімқұлов

Нөсер



Іркес-тіркес ығысқан
Бұлттар үлкен аймақты ап,
Шыға келді шығыстан
Ақ тайлақтай ойнақтап.

Түйіліп кеп қабағы,
Қаптап алды аспанды.
Сатырлатып даланы
Аппақ нөсер басталды.

Үй үстінен аунады,
Тамшы жерге секірді.
Менің апам ауланы
Жуып жүрген секілді.

Су дегенің шүмектеп,
Сорғалайды тамшылап.
Шыбық атты біз ерттеп,
Шауып кеттік қамшылап.

Шаңын жуды лезде
Діріл қаққан жапырақ.
Ойдым жерде бір кезде
Көлшік тұрды жалтырап.

жаңбыр жауды
бұлт
тамшы

Адырбек Сопыбеков

3. Екі өлеңді салыстыр. Өлең жолдарын тауып оқы.

Жаңбырдың алдында	Жаңбыр	Жаңбырдан соң



4. Өлең жолдарын қарасөзге айналдырып жаз.

1. Жаңбырға қатысты.

Үлгі: Жаңбыр себелеп жауды.

2. Бұлтқа қатысты.

Үлгі: Бұлт аспанды қаптады.

3. Тамшыға қатысты.

4. Шыққа қатысты.



5. Құраған сөйлемдерді пайдаланып, «Жаңбыр жауды» атты мәтін құрастыр.

86

Жаңбырдың пайдасы



Мәтіндегі негізгі ойды анықтайсың.



1. Жаңылтпашты жаңылмай айт.

Көктем жауын-шашынсыз болмас,
Жауын-шашынсыз болмаса,
Жасынсыз болмас.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Ақ жаңбыр (Мысал)

жаңбырдың пайдасы
ақ жаңбыр
өткінші жаңбыр

Ақ жаңбыр бір тамбайды, бір басталса, тәулік бойы тынбайды. Үнсіз тұрып, төге береді, төге береді. Мұны көрген Өткінші жаңбыр Ақ жаңбырға «Жалқау жаңбыр» деп ат тақты.

– Бұл не?! – деді ол. – Болбырап, ыбылжисың да тұрасың. Ішің де пыспайды екен. Жаусаң, астан-кестеңін шығару керек қой! Міне, былай! – деді де, сатырлатып құя жөнелді. Көшедегі арықтарға су толып, лайланып аға бастады. Жүргіншілер ықты паналап жүгірісті. Өлгінде ғана бір қалыпты тып-тыныш тіршіліктің астан-кестеңі шыққандай болды. Оған қарап жатқан Өткінші жаңбыр жоқ, өз-өзіне мәз болып, «Әне, солай!» дегендей болып, қырқадан асып та кетті. Іле-шала бұлт ыдырап, жарқырап күн де шықты. Жаңбыр суы сай-саламен ағып кетті. Самал есіп, өсімдіктерді тербетті. Шөп біткен бастарын шайқап:

– Шөліміз қанбай қалды-ау! Өткіншінің мұнысы несі? Ұшып-қонып келді де, кетті! – деп ренжісті.

Сонда бір кәрі Құрай тұрып:

– Қиналып қайтесіңдер?! Одан да Ақ жаңбырға жайларыңды айтыңдар, – деді. «Әй, бұл да дұрыс екен-ау!» деп, шалғындар Ақ жаңбырға бұйымтайларын айтты.

Ол тыңдап болып:

– Мақұл, – деді.

Сол-ақ екен, Ақ жаңбыр аспай-саспай, тәулік бойына жауып еді, жер үсті еркін сусындап, көк жайқалып, құлпырып сала берді.

Жәнібек Кәрбозин



Бұйымтай – өтініш.

3. Мәтінге сүйеніп, қимыл-әрекеттерді сөйкестендір және дауыстап оқы.



4. Сызбадағы ретпен мәтіндегі сөздерді пайдаланып, мысал әңгімені талдап айт. Кейіпкерлерін сипатта.



5. Жаңылтпашты оқы. Жаңылтпашты жатқа айтуға жаттық.

Шалғы саптап,
Шөп шап.
Шөп шапсаң, көп шап.
Көп шапсаң, шапшаң шап,
Шапшаң шапсаң,
Шаршап жат.

6. Жаңбырдың пайдасы туралы әңгімеле.

87

Көлде

Ойыңды көркемсөзбен
жеткізесің.

1. Өлеңді тыңда.

көл
өзен бойы
шөлдеп қапты
көлдің беті
қамыс

Көл жағасында

Тау етегі көк кілем,
Балауса, раң – шөп кілең,
Өзен бойын жағалай
Өскен мынау қоғажай.
Талма түстің кезі нақ,
Шөлдеп қапты қозы-лақ.
Қарайды үркіп үйректер,
Не нәрседен сезік ап?
Қашпа, үйректер, сезік ап,
Тимейді ғой қозы-лақ!

Зейнолла Шүкіров**Раң** – шөптің аты.**Кілең** – барлығы, түгелдей.**Қоғажай** – орман ішінде, тоғайда өсетін шипалы өсімдік.**Талма түс** – күннің төбеге келген кезі.

2. Тиісті жерінде кідіріс жасап, өлеңді мәнерлеп оқы.

3. Түсініп оқы.

Көлде



Күн жаңа ғана көтеріліп келеді. Жазғытұры кеңпейіл дүние шыққа малынып, маужырап тұр. Бармақ басындай қара ала аралар үлбіреген гүлдерге қонып, бал жинап жүр. Ат тұяғының жапырып кеткен балғын көк шөптеріне жаның ашығандай.

Жал-жал болып біткен қалың орманды, қара топырақты құйқалы жер. Көл де көп. Көл бетінде шомылып болып, айнаға қаранып, сыланып отырған аққу, қаз су бетіне түскен сәулелерімен сұлулық салыстырып, сырласып отырғандай. Жайылымнан қайтқан мыңдаған үйректер суылдап келіп, көлге қонады. Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр сырласады да, қайта ұшады. Оттады – тойды, су ішті – қанды, енді қамысты, томарлы көлдердегі ұялары еске түсті. Қайта ұшып кетті.

Фабит Мүсірепов

4. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

• **Ғабит Мүсірепов – жазушы, драматург, аудармашы**



Ғабит Мүсірепов (1902–1985) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы қазіргі Ғ. Мүсірепов атындағы ауылда туған. Ана жайында жазылған әңгімелерінде ана бейнесі қазақы қасиеттерімен көркем сипатталған.



5. Суретке қара. Өлең мен әңгіменің байланысын анықта. Айырмашылығын тап.



6. Мәтіндерге сүйеніп, кестені толтыр.

Өсімдіктер және оған қатысты сөздер	Құстар және оған қатысты сөздер	Жануарлар, жәндіктер, оларға қатысты сөздер
Балауса, раң – шөп кілең ...	Қаз сырласып отырғандай

7. Кестедегі тіркестерді пайдаланып, «Көлде» деген мәтін құрастыр.

1. Көл жағасындағы өсімдіктер.
2. Көлдегі тіршілік.
3. Көлдің пайдасы.

88 Бұлақ көрсең, көзін аш




Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтайсың.

1. Түсініп оқы және *бастау* сөзінің мағынасын біліп ал.

1. Көш бастау қиын емес –
Қонатын жерде су болса.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерде жау болса.
Шаршы топта сөз бастау қиын –
Шешімін таппас дау бар.

Бұқар жырау

2. **Бастау** – жерасты суларының жер бетіне шығатын көзі. Оны **бұлақ** деп те атайды.

3. Бастау 

бұлақ
бастау
сөз бастау

2. Түсініп оқы.

Райымбек бастауы

...Райымбек сарбаздары алғашқы күні-ақ сусыздықтан тарыға бастады. Бүгін – екінші күн.

– Шыдауға тура келеді, – деді Райымбек жігіттеріне. – Таң атып, жерге жарық түскенде, тағы да су іздейміз. Тек бір адым шегінбейміз. Егер жер бетінде су жоқ болса, жер астынан шығарамыз.

Райымбек қатты ойланып отырды да, орнынан атып тұрды. Қолына сүңгі алып, атқа да мінбей, Көкойнақты жаяу жетектеп, жүріп кетті. Атты жүре шалдырып, сайды өрлеп аяндап келеді. Жерден көз алмайды. Бір ойпаңдау жерге қарап, кідіріп қалды. Сол араға келгенде Көкойнақ та жерден көк тістеп тұрып оқыранып жіберді. Сол жерден бас көтермей, көкті иіскеп-иіскеп қояды.

Райымбектің күтіп келе жатқаны да сол еді. Ат қадалған жердің шөбі басқа шөптей емес, бояуы қанық, қою жасыл, тым балдыр. Бойында судан тартқан нәрі бары ап-айқын көрінеді.

Райымбек дәл аяғының астына бойлата сүңгі сұқты да, қайта тартып алды. Жерге құлаш бойы енген сүңгінің ұшына лайлы топырақ жұғылып шыққанда қуанып кетті. Содан әрі қарай үш қырлы найзаны сол алғаш сұққан орнына қайталап-қайталап бірнеше рет шаншыды. Түйгіштей сұққылап, қайта тартып алғанда, сүңгі соңынан атқылап су шықты. Қуанғаннан:

– Су! Су! – деп дауыстап жіберді.


...Райымбек пен Көкойнақтың арқасында шөл далада адам да, ат та суға қанды. Алыс сапардан шаршап, шөлдеп келе жатқан жолаушы болса, өзінің де, көлігінің де сусынын қандыратын мөлдір сулы бастауды сол күннен бастап «Райымбек бастауы» деп атады.

Жолдасбай Тұрлыбаев

3. Райымбек батыр туралы не білесің?

4. Райымбек батыр су көзі бар екенін неден аңғарды?

5. Әңгіме неліктен «Райымбек бастауы» деп аталады? Басқаша тағы қалай атауға болады?

 6. Мәтіннен *бастау* сөзіне қатысты тіркесті тауып, жазып ал.



7. Суретке қара. Мәтінге сүйеніп, Райымбек батырды сипатта. Оның іс-әрекетіне баға бер.



8. «*Бұлақ көрсең, көзін аш*» дегенді қалай түсінесің?

89

Судың пайдасы



Кейіпкерге хат жазасың.

1. Жұмбақтарды шеш.

1. Жылт-жылт еткен,
Жылғадан өткен.
2. Отқа жанбас,
Суға батпас.
3. Тырсылдап түседі,
Жер бетіне жетеді.
Жер бетіне жеткен соң,
Ғайып болып кетеді.
4. Мамықтай ұлпа,
Қанттай ақ.
Қыста жер бетін басады,
Жазда тауға қашады.

судан сақтану

«Алтын абдыра» кітабынан

2. Мәтінді түсініп оқы.

Суыр сұңқар, су қайда?

(Ертегі)

Ерте заманда сиыр сызылған кербез, суырыла шапқан жүйрік болыпты. Әрі асқан төкаппар, мақтаншақ та екен.

Бір күні әлгі Сиыр Атпен ерегесіп қалып, екеуі жарысқа түсуге уәде байласады. Бұрынғы өткен жарыстардың бәрінде Сиыр бәйге бермейді екен.



Осы жолы Аттан да озып, төрт аяқты жануарлардың арасындағы ең жүйрігі деген атаққа біржола ие болуды мақсат етеді.

Көмбеге төреші болып Арыстан келеді. Бәстің жайын ұққан соң, Ат пен Сиырды бір күншілік жолға Жолбарыс айдап барып, екеуін қатар тұрғызып қояды да, кері қайтуға ақырып белгі береді.

Құйрығын көкке шаншып алып, танауы пысылдап, Сиыр ө дегеннен-ақ қарасын үзіп, зулай жөнеледі.

Сиырдың соңында желдей жүйткіп, Ат шауып келе жатады. Жол ортасында оларға сусын беру үшін Суыр тосып отырады.

Бір кезде оза шауып, елірген Сиыр Суырға жетіп келеді де:

– Суыр сасық, су қайда? – дейді.

Сиырдың төкаппар мінезіне ренжіп қалған Суыр:

– Сиыр сасық, су мұнда, – деп, сасып, борсып кеткен лай суды ұстата салады. Шөлдеп келе жатқан Сиыр

судың қандай екеніне қарамастан, сіміріп жібереді де, одан әрі қарай шапқылай жөнеледі.

Әрі-беріден соң, Суырдың қасына шөлдеп Ат келеді.

– Суыр сұңқар, су қайда? – дейді еркелетіп.

– Жылқы тұлпар, су мұнда! – деп, Суыр мөлдір, тұнық суды Атқа ұстата береді. Таза тұнық суға қанып алған Ат бойына тың қуат қосылғандай болып, құстай ұшып, самғай жөнеледі.

Сасық, лай су кеудесін алып қалған Сиыр онша ұзап кете алмайды да, екі-үш қырды асқан соң, Ат қуып жетіп, жанынан желдей жүйткіп өте шығады. Содан көмбеге бірінші болып жетеді.

Содан бері жылқы төрт аяқты жануарлардың ішіндегі жүйрігі болып қалыпты. Кеудесін лай, сасық су алып қалған сиыр содан бері шабандап, жүгіре алмайтын күйге түскен екен.

Сиырдың жатқан кезде ыңырана күрсінетіні – өзінің астамшылық етіп, Суырға айтқан дөрекі сөзіне күні бүгінге дейін өкінгені екен деседі.

«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 73-том

3. Ертегінің қалай аталып тұрғанына мән бер. Қай кейіпкерге қатысты айтылған?

4. Берілген тірек сөздер қай кейіпкерді сипаттайтынын тап. Олардың іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Өзің не қосар едің?

Кербез, төкаппар, мақтаншақ, жүйрік, желдей жүйткіген, ренжіген ...

5. Ертегідегі оқиғадан өзіңе қандай сабақ алдың?



6. Кейіпкерге хат жаз. Хатыңда оған 3–4 кеңес беруді ұмытпа.



7. Пікірталас.

1-топ. Су жақсы.

2-топ. Су жаман.



Шығармадағы оқиғаны болжап жалғастырасың.

1. Адам құрлықта да, суда да өмір сүре ала ма? Егер өмір сүре алса, қалай тіршілік етер еді? Бір сәт қиялдап көр.

Фантастикалық шығармаларда өмір шындығына қиял элементтері қосылып суреттеледі.

2. Түсініп оқы.

Орыс жазушысы Александр Белаяевтің «Адам-балық» атты фантастикалық шығармасы бар. Басты кейіпкер Ихтиандр су астында да өмір сүре алады.



3. Жазушы қиялына мән бере оқы.

Адам-балық

Ихтиандр бақ ішіндегі құм төселген сұрлеу жолмен жүріп келеді. Белбеуіне қыстырылған қанжары салақтап аяғына соғылады. Көзілдірігі, қолға және аяққа киетін биялайы – «көлбақа табандары» көрінеді. Ол үйіне келе жатыр. Үйі шағын ғана, небары төрт бөлмеден тұратын. Соның асүйге жапсарлас біреуіне Кристо орналасқан. Оған таяу асүй, сосын кітапхана болатын. Ихтиандр испан және ағылшын тілдерін білетін. Сосын ең соңғы шеткісі – Ихтиандрдың жатын бөлмесі. Сол жатын бөлменің тап ортасында хауыз

бар еді. Кереуеті қабырғаға тақап қойылған. Ихтиандр кейде сол кереуетте демалатын, бірақ көбінесе хауызда жатқанды ұнататын.

Сальватор тауға Ихтиандрға қызметімен жаққан Кристоны ертпей, жалғыз кетуді ұйғарған. Жол жүрерде Сальватордың Кристоға былайша мықтап тапсырғаны бар: «Ихтиандр аптасына ең кемі үш түн кәдімгі кереуетте жатып, ұйықтауға тиіс».

– Ал маған суда жатқаным көбірек ұнайды, жаныма жайлы, – деп қарсылық білдіреді Ихтиандр.

– Доктор сені кереуетте жатсын деп бұйырған, әкенің тілін алу керек.

Кристоның енді Ихтиандрдың бұған белгісіз бір материалдан тігілген, қабыршақты костюмі ұдайы жауып тұратын денесін көргісі келді-ақ.

– Сен не, киіміңді түнде жатарда да шешпейсің бе? – деп сұрады ол бірде жігіттен.

– Неге шешем? Менің қабыршағымның еш кедергісі жоқ, қайта оңтайлы. Желбезекпен тыныс алуыма әрі терімнің тыныстануына түк зияны тимейді және сонымен бірге ол бар пәледен қорғайды: мұны акуланың өзі де, тіпті өткір пышақтың жүзі де кесе алмайды, – деп жауап қатты Ихтиандр.

– Ал көзілдірік пен биялайды не үшін киесің? – деп сұрады Кристо кереуеттің қасында жатқан таңғажайып биялайды қарағыштап отырып.

– Биялай менің шапшаң жүзуіме септігін тигізеді. Ал көзілдірік теңіз түбінен дауыл суырған топырақтан қорғануға қажет. Мен оны ұдайы киіп жүрмеймін. Бірақ көзілдірік кисем, су астындағы дүниені жақсырақ көрем. Көзілдірігің болмаса, су астында өзіңді тұманда жүргендей сезінесің, – деді де, бір жымыып қойды Ихтиандр. Сосын сөзін қайта жалғап:

– Сенің менімен бірге су астында жүзе алмайтының өкінішті-ақ! Мен саған небір ғаламаттарды көрсетер ем. Неге бұл адамдардың бәрі бірдей су астында өмір сүре алмайды екен, ө?

*Александр Беляев
Аударған Хайдолла Тілемісов*

• Неліктен адам су астында өмір сүре алмайды? Сен қалай ойлайсың?

4. Мәтінге сүйеніп, сурет бойынша Ихтиандрдың киімі, заттары туралы әңгімеле.



5. Су астында жүзгенде Ихтиандр неден сақтану керек? Оның достары туралы не айта аласың? Санамалап айт.

топырақ

дельфин

акула

балықтар

судағы тіршілік
бас кейіпкер
Адам-балық

6. Мәтіндегі оқиғаны әрі қарай болжап әңгімеле.

91 **Ғажайып әлем (жалғасы)**

Көркем шығарманы көркем фильммен салыстырасың.



1. Мәтінді тыңда. Ихтиандр Кристоға достары туралы не айтты?

Адам-балық (жалғасы)

– Екеуіміз менің теңіз тұлпарыма мініп, серуендер едік қой, шіркін!

– Теңіз тұлпары дейді? Ол не пәле тағы?

– Дельфин. Өзім ғой оны үйретіп алған. Дауыл бірде оны жағаға шығарып тастаған екен де, қанатын қатты жаралап алыпты. Мен оны сүйретіп әкеп, суға қайта түсіргем. Ол жүзе алмады, демек, қорегін тауып жей алмайды деген сөз. Мен оны ұзақ, бір ай бойы балық беріп асырадым. Сол уақыттың ішінде ол маған үйреніп қана қоймай, тіпті үйір болып кетті. Біз достасып алдық. Басқа дельфиндер де мені біледі. Ал теңіз бетінде дельфиндермен қосылып асыр салу деген ғажап! Толқындар, шашыранды су, күн, жел, шуыл! Теңіздің түбі тіпті тамаша! Өзіңді көгілдір ауа ішінде жүзіп жүргендей сезінесің. Тып-тыныш. Денеңнің салмағына шейін білінбейді. Ол мейлінше еркін, жеп-жеңіл, қалай қимылдасаң да, еркің. Менің теңізде талай достарым бар. Мен сіздің құстарды жемдейтініңіз тәрізді кішкене шабақтарды жем беріп асыраймын, ал олар үйір-үйірімен соңымнан қалмай шұбап жүреді.

– Енді сен маған мынаны айтшы. Сен неге тентектік жасадың, балықшыларды ренжіттің, олардың ауларын қиып, қайыққа тиелген балықтарын аударып тастадың?

– Өйткені олар балықты шектен тыс көп аулады,

жеулеріне жетерліктей ғана алмады. Оларға не, жер бетіндегі құс пен аң жетіспегені ме, шынымен-ақ? Олар неге мұхитқа қол сұғады?

– Мұны саған бірден айтып түсіндіру қиын, – деді Кристо, өзі есінеп тұрып. – Ұйықтайтын уақыт болды. Байқа, әлгі хауызда жатып жүрме, өкең ренжір, – деді де, Кристо кетіп қалды.

Ертеңгісін ерте келсе де, Кристо Ихтиандрды орнынан таба алмады. Тас еден су-су болып жатыр екен. Сірә, теңізге кеткен болар.

*Александр Беляев
Аударған Хайдолла Тілемісов*

2. Мәтінге сүйеніп, қандай сурет салатыныңды айт және әңгімеле.

Ихтиандрдың
бейнесі

Дельфинге
мінген Ихтиандр

Ихтиандрдың
әлемі

Ихтиандрдың
ғажайып әлемі:
теңіз

3. Жазушы қиялындағы адам-балық саған ұнай ма? Неліктен?



4. Сен Ихтиандрға қандай тілек айтасың? Тілегінді жаз.

5. Жазушының осы кітабы бойынша түсірілген фильмді көрдің бе? Көрсен, оны шығармамен салыстыр.

теңіз
теңіз тұлпары
ғажайып әлем

92

Судың да сұрауы бар



Пікірдің дұрыстығына дәлел
келтіресің.



1. Пікір білдір.

1. Судың да сұрауы бар.
2. Су бергеннің сауабы бар.
Су төккеннің жауабы бар.

нағыз адам
құдық

2. Түсініп оқы.

Нағыз адам

Аптап, қуаң даладағы жалғыз үйдің қасында құдық бар. Бұл үйде атасы мен немересі тұрады.

Құдық басындағы ұзын арқанға шелек байланған. Жолаушылар мен әрі-бері өткен адамдар құдыққа бұрылып, су ішеді, атайға алғыстарын жаудырады.

Бірде әлгі байлаулы арқан үзіліп, шелек терең құдық түбінде қалып қойды. Атайдың одан басқа шелегі жоқ еді. Су тартып ішуге ыдыс табылмады.

Келесі күні таңертең атайдың үйіне бір арбалы шаруа келді. Арбадағы сабанның астында шелегі көрініп жатыр екен. Жолаушы құдыққа көз жіберіп, атай мен немересіне бір қарады да, атына қамшы басып, әрі қарай жүріп кетті.

– Бұл не қылған адам? – деп сұрады немересі ата-сынан.

– Бұл адам емес, – деді атасы.

Түске таман атайдың үйі тұсынан екінші жолаушы өтіп бара жатты. Ол арбасындағы сабанның астынан шелегін алып, арқанға байлады да, құдықтан су тарт-

ты. Өзі қанғанша ішіп, атай мен немересінің де шөлін қандырды, қалған суды құрғақ құмға төге салды да, шелегін қайтадан сабан арасына салып, жүріп кетті.

– Бұл не қылған адам? – деп сұрады немересі атасынан.

– Бұны да әлі адам деуге болмайды, – деді атасы.

Кешке қарай атай үйінің маңына тағы бір кісі тоқтады. Ол арбасынан шелегін алып, арқанға байлады, су тартып, сусынын қандырды, содан соң алғысын айтып, жүріп кетті. Ал шелегі құдық басында арқанға байланған қалпында қала берді.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

– Міне, бұл – нағыз адамның өзі, – деп жауап берді атасы.

Василий Сухомлинский



3. Қара түспен берілген тіркестерді түсініп оқыңдар. Өр топ осы пікірге құрылған оқиғаны әңгімелеңдер.



4. Берілген сурет мәтіндегі қандай пікірге сәйкес келеді? Осы мәтін бойынша сен қандай сурет салар едің?





5. Берілген пікірлерге сүйеніп, өмірде кездесетін оқиғалардан нақты мысал келтіріңдер. Суды үнемдеу қай адамға қатысты?


1. Бұл адам емес.
 2. Бұл – нағыз адамның өзі.
6. Суды үнемдеу ережесін құрастырыңдар.

93

Нені үйрендім?



1. «Су – тіршілік көзі» дегенді қалай түсінесің? Оқыған мәтіндеріңе сүйеніп, жауап бер.



Су – тіршілік көзі

2. Суға қатысты 5 мақал-мәтелді жатқа айт.
3. Суға қатысты қандай тыйым сөздерді білесің?
4. Шешуі су болатын жұмбақ құрастыр.

Жарнама – ақпаратты тиімді бағытта тарату. Жарнамада аталған мәселенің маңызы, қызметі, құндылығы көрсетіледі. Жарнама жазуда суреттерді де кеңінен пайдалануға болады.



5. Берілген тақырыптар бойынша жарнама мәтіндерін құрастырыңдар және жарнамалаңдар.

Су – тіршілік көзі

Жаңбырдың пайдасы

Бұлақтың пайдасы

Өзен-көлдің пайдасы

Суды қорғау мен үнемдеу

6. Жарнама мәтінін төмендегі көрсеткіштер бойынша өзара бағалаңдар.

1. Түсініктілігі.
2. Мазмұндылығы.
3. Дәлдігі.
4. Тартымдылығы.
5. Көркемдігі.



ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

94

Тәуелсіздік күні



Ақын өсиетін түсінесің және
бағалай білесің.



1. Түсініп оқы. Пікір білдір.

Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек.

Шоқан Уәлиханов

2. Сабақтың атауына мән бер. Бұл қандай күн? Ой бөліс.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Бостандық таңы атты

Бостандық таңы атты,
Қазағым, көріңдер.
Арға ие басшының
Соңынан еріңдер.

Таң артынан ақиқат
Күн шығады,
Еріншек, жалқаулық
Әдеттен безіңдер.

Арамдық, аразды
Түбімен жойыңдар.
Өтірік, өсекті
Біржола қойыңдар.

Тәуелсіздік

Намыс, жігер,
Бойыңа жиып қайрат,
Қажымай адалдық
Жағында болыңдар.

Бірлік пен талапты
Еңбекке салыңдар,
Өнерлі елдерден
Өнеге алыңдар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

4. Ақын тәуелсіз елдің балалары қандай болуы керек дейді?

5. Нелерден аулақ бол дейді?



6. Олеңдегі жақсы-жаман әдеттерді екі бағанға бөліп жаз, сөздерден үш сөйлем құра.



7. Тәуелсіз Қазақстанның болашағын қалай елестетесің? Ой бөліс.

95

Ана тіліне тағзым



Негізгі ойды анықтайсың.



1. Түсініп оқы. Жаттап ал.

Тілдер мерекесі

Ана тіліне тағзым

Ана тілі – біздің туған анамыз!
Анамыздай сыйлап, бағып-қағамыз.
Ана тілін бағаласақ қалай біз,

Өзіміздің солай болмақ бағамыз.
Ана тілін кім аялай білмесе,
«Анасынан безген ұл!» деп қараңыз.

Мұзафар Әлімбаев



2. Өлеңді тыңда.

Сүйемін

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп, жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен «құлыным, жаным» деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген
«Ана» деген сүйгендік сөз һәм менен.

Сол тілменен үйрендім нәрсе аттарын,
Сол тілмен дінді, әдетті мен жаттадым.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты:
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

• **Сұлтанмахмұт Торайғыров** – ақын, ағартушы



Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893–1920)
Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында туған. «Шәкірттерге», «Оқудағы мақсат не?» және т.б. өлеңдері бар.

4. Екі өлеңді салыстыр.

1. Тақырыбы.
2. Негізгі ойы.

5. Тіл туралы қанатты сөздер, афоризмдер жинастыр.



6. «Ана тілім» деген тақырыпта 5 жол өлең құрастыр.

96

Отанымды сүйемін



Мәтіндегі ойды өрбіте
жалғастырасың.

1. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Пікір білдір.

1. Отанды сүю отбасыңнан басталады.
2. Елін сүйген ерлік істейді.
3. Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Болар жігіт Отанын сүйеді.

«Бабадан қалған асыл сөз» кітабынан

2. Өлеңді түсініп оқы.

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Кім мықты? – десе біреу, – Отан дер ем.
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Мұқағали Мақатаев

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Мұқағали Мақатаев – ақын, аудармашы



Мұқағали Мақатаев (1931–1976)
Алматы облысы Райымбек ауданы
Қарасаз ауылында туған. «Өмір – дастан»,
«Аманат» атты өлең жинақтары жарық
көрген. Оның өлеңдеріне көптеген әндер
жазылды.

халық
тіл
Отан



4. *Бақыт* ұғымына 5 сөз ойластыр.

5. Өлеңдегі ақын ойын өрбітіп көр. Тағы нені бақыт деп санайсың?

6. Өлеңді жаттап ал.

97

Аналар мерекесі



Сурет салып және әдемі сөздер жазып, құттықтау хат әзірлейсің.



1. Сөзжұмбақты шеш.

1. ... – бөйтерек,

2. ... – бұлақ,

3. ... – жағасындағы құрақ.

1.			
2.			
3.			

2. Осы нақыл сөзді қалай түсінесің? Ойыңды сурет түрінде ұсын. Қызылмен белгіленген жолақтағы ұғымға қатысты 5 сөз ойластыр.



3. Өлеңді тыңда.

ана
Аналар мерекесі
аяулы ана
ардақты ана

Ардақты ана

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.
Өміріме нәрін берді ақ сүтің.
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.

Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,
Махаббатың жүрегімде жүр менің.
Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің,
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!

Ержеткізіп, елге берген баласын,
Ақылдысың, ардақтысың, данасың.
Қарайтыным қас-қабағың бір сенің,
Қайратыңнан қайта көрме, анашым.

Әнуарбек Дүйсенбиев

4. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Әнуарбек Дүйсенбиев – ақын




Әнуарбек Дүйсенбиев (1931–1979)
Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақыстақ ауылында туған. Балаларға арналған «Қайырлы таң, балалар», «Кім ерте тұрады?» атты ертегілер мен өлең жинақтары бар.



5. Өлеңге сүйеніп жаз және дауыстап оқы.

Ана қандай?



...
...
...
...

6. Түсініп оқы.

Қуаныш

Роза биыл ғана мектеп табалдырығын аттады. Бір күні сабақтан келсе, үстел үстінде күнтізбенің жыртылған беті жатыр. Есіне түсе кетті. Бұл күн – анасының туған күні. Сондықтан анасы жұмыстан келгенше сыйлық әзірледі ойлайды.

«Не сыйлауға болады?» деген ой мазалай берді. Әрі ойлап, бері ойлап, кітап пен айна алуға тоқтағанда, ақшасы жоқ екені есіне түсті.

Енді не істеу керек? Ол соны ойлай жүріп, үй ішін жинады. Заттарды айнадай етіп, ысқылап сұртті.

Шаршаған Роза диванға жатып еді, лезде ұйықтап кетті. Ұйықтап жатып, түс көрді. Түсінде ол анасына бар сырын ақтарды. Өзінің ақша таба алмай қынжылғанын, үйдің ішін ретке келтіргенін айтты. Ойына келгенді бүккен жоқ.

Күлімдеген анасы:

– Бүгін сабақтан қандай баға алдың? – деп сұрады.

– Екі бес, ана.

– Міне, тамаша сыйлық! Менің туған күніме мұнан артық сыйлық бола ма екен, қарғам-ау!

Анасы бетінен сүйді. Роза қуанып кетті.

– Ана, ренжімейсіз ғой, ә. Онда туған күніңізбен құттықтаймын, ана!

Осылай дей бергенде, Роза оянып кетті. Қараса, анасы бас жағында отыр. Түс көргенін айта бастап еді, бәрін сезген анасы жымиды да:

– Қызым-ау, үй-ішіне қолғабысыңды тигізіп, әрі сабақты жақсы оқығаныңнан асқан сыйлық бар ма анаң үшін! – деп, оның басынан сипады.

Роза түсінің шындыққа айналғанына қуанды.

Әбді Шынбатыров

7. Розаның анасына деген сыйлығы туралы пікіріңді білдір. Өзің анаңа, жақындарыңа не сыйлар едің?



8. Анаңа, жақындарыңа арнап, құттықтау хат өзірле. Үйренген сөздеріңді қосуды ұмытпа.

9. 120-беттегі «Ардақты ана» өлеңін жаттап ал.

98

Наурыз келді!



Ақынға еліктеп, көркем сөйлейсің.



1. Сурет бойынша ой бөліс.



Наурыzkөже

2. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Наурыз келді!

Наурыз келді!
 Қара жер семіріп,
 Бөгіп жатыр.
 Төрт түлік малым
 Даламның
 Көлдей етегін толтырып,
 Төлдерін төгіп жатыр.
 Өрісім у-шу болып,
 Көңілімді қозғап тұр.

Наурыз
 Наурыз келді
 қошақан
 құлыншақ
 ботақан

Қошақандарым
 Сыбызғыдай ән салып,
 Құлыншақтарым
 Күміс қоңыраудай жар салып,
 Ботақандарым
 Иір мойынды қобыздай
 Боздап тұр.

Темірхан Медетбек

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Темірхан Медетбек – ақын, аудармашы



Темірхан Медетбек 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан маңындағы Амангелді ауылында туған. «Наурыз келді» және т.б. жинақтардың авторы.

4. Ақын ойын өз сөзіңмен түсіндіріп көр.

5. Суреттегі заттар туралы өлеңнің қай жолдарында айтылған? Тауып оқы.





6. Ақын сөздерін пайдаланып, сөйлем құрап жаз.

1-шумақ бойынша 1 сөйлем.

2-шумақ бойынша 3 сөйлем.

3-шумақ бойынша 2 сөйлем.

Үлгі: Әжем саба толы қымызды пісіп жатыр.



7. «Наурыз келді» деген тақырыпта мәтін құрастыр. Жазған сөйлемдеріңді пайдалан.

99

Айт құтты болсын!



Мәтін бойынша сұрақтар қоясың.



1. Оқы және жаттап ал.

Айт

Жер жүзі көк шөп болып түрленгендей,
Қызарып бәйшешектер гүлденгендей.
Киініп қыз, келіншек жарқылдайды
Біртүрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

2. Түсініп оқы.

Айт күндері

- Айт құтты болсын!
- Айтсын, жақсылығы бірге болсын!

Айт
Айт мерекесі
Айт күні
Айт дастарқаны

– Жыл он екі айда бір келген жарықтық «айт» қой, бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар.

Ауыл адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де әдемі киінген. Жүздерінде қуаныштың белгісі бар. Жерошақ біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бұрқылдап ет қайнап жатыр...

Бір топ қыдырып, «айттық» алып жүр.

Ауыл гу-гу.

– Айт құтты болсын!

– Жақсылығы бірге болсын!

Бейімбет Майлин

3. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

● **Бейімбет Майлин – жазушы, ақын, драматург**



Бейімбет Майлин (1894–1938)
Қостанай облысы Таран ауданы қазіргі Б. Майлин атындағы ауылда туған. Ол – әңгіме жанрының асқан шебері.

4. Мәтіндер бойынша Айт мерекесіне қатысты 3 сұрақ дайында және оларға жауап бер.



5. Айт күні айтылатын 5 тілек жаз.

100

Жеңіс күні



Сұхбат алуға дайындаласың
және сұхбат аласың.



1. Сөзжұмбақты шеш.

1	М								
2	Ә								
3	Н								
4	Ш								
5	Ү								
6	К								

1. Болат қайнауда шынығады,
Батыр ... шынығады.
2. Батыр – елдің ...,
Бал құрақ – көлдің сәулеті.
3. Жүк ауырын ... көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.
4. ... ер жеңсе – тасымас,
Жеңілсе – жасымас.
5. Отан ... отқа түс – күймейсің.
6. Жаңбырменен жер ...,
Батамен ер көгерер.

Жеңіс
бейбіт күн
бейбітшілік

2. Торкөздердегі сөзді оқы. Қазақтың батыр қыздарынан тағы кімдерді білесің? Мақал-мәтелдерге ортақ тақырып ойлап тап.



3. Өлеңді тыңда.

Жеңіс күні

Ойлап-ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім кеп:
Қуанышты мереке –
Жеңіс күні қай күн? – деп.

Атамнан да сұрадым,
Көкемнен де сұрадым.
Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын:
– Дұрыс, – десті, – сұрағың.
Бейбіт күннің бәрі де
Жеңіс күні, шырағым!

Қайрат Жұмағалиев

4. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Қайрат Жұмағалиев – ақын, аудармашы

Қайрат Жұмағалиев (1937–2014)
Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы
Бесқұдық ауылында туған. Балаларға
арналған көптеген жыр жинақтарының
авторы.

5. Өлеңдегі сұрақ бойынша берілген жолдарды қайталап оқы. Осы сұраққа сен қалай жауап берер едің?



6. Тыңда. *Бейбіт күн, бейбітшілік* сөздерінің мағынасын біліп ал.

Бейбітшілік болса

Алаулап гүл тұрады,
Туған жер құлпырады,
Бейбітшілік болса.

Түрленіп бақша-бағы,
Тірлік те жақсарады,
Бейбітшілік болса.

Үйлер де құламайды,
Ешкім де жыламайды,
Бейбітшілік болса.

Балалар болады аман,
Аналар болады аман,
Бейбітшілік болса.

мерекелер
Тіл мерекесі
қасиетті тіл

Жұматай Жақыпбаев

7. Соғыс ардагерлерінен сұхбат алуға келдің делік. 5 сұрақ дайында.



8. Бейбіт күн сыйлаған ата-аналарға арнап, алғыс хат дайында.

9. Қалаған өлеңіңді жаттап ал.

101

Нені үйрендім?



Жазба жұмысы



Бөлімдегі оқыған шығармаларды пайдаланып, «Қасиетті тілім менің» деген тақырыпта эссе жаз.

Басы – С. Торайғыровтың «Сүйемін» өлеңінің бірінші шумағымен баста.

Ортасы – М. Әлімбаевтың өлеңіндегі көркем ойды қарасөзбен жаз.

Соңы – М. Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңінің екінші шумағын пайдалан.



1. Өмірде болған адам туралы айтылатын шығарманың түрін белгіле.

1. Аңыз
2. Ертегі
3. Жұмбақ
4. Шешендік сөз
5. Мысал

аңыз
ертегі
мысал
өңгіме
портрет
эпитет

2. *«Қанжарменен қармасып,
Семсерменен серместі.
Сөйтіп, ойын ойнасты», –*

деген жолдары бар жыр қалай аталады?

1. Төрт түлік жырлары
2. Наурыз жыры
3. Батырлар жыры
4. Бесік жыры
5. Тұрмыс-салт жырлары

3. Тәуелсіздік мерекесіне қажетті шығармаларды таңда.

1. *Ә. Дүйсенбиев. «Ардақты ана»; Б. Майлин. «Айт күндері».*

2. *Ш. Құдайбердіұлы. «Бостандық таңы атты»; Ж. Жақыпбаев. «Бейбітшілік болса».*

3. *Т. Медетбек. «Наурыз келді»; Қ. Жұмағалиев. «Жеңіс күні».*

4. *С. Торайғыров. «Айт»; Ә. Шынбатыров. «Қуаныш».*

5. *С. Торайғыров. «Сүйемін»; Ә. Дүйсенбиев. «Ардақты ана».*

4. «Қарлығаш әулие» атанған кім?

1. Төле би
2. Қазыбек би
3. Әйтеке би
4. Әнет баба
5. Сырым шешен

5. Төле бидің нақыл сөзін аяқта: «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, ...» .

1. Ұзатылған қыз
2. Еритін мұз
3. Артта қалған біз
4. Сыйласқан сіз бен біз
5. Досыңа адал бол!

композиция
негізгі ой
шығарманың жоспары
кейіпкер
тіл мерекесі
қасиетті тіл

6. *«Осы жұмыс ырғағы,
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады», –*

деп келетін өлең жолдарында қандай өнер туралы айтылған?

1. Сөз өнері
2. Ән өнері
3. Зергерлік
4. Шешендік
5. Сәулет өнері

7. Көп нүктенің орнына тиісті сөз тіркесін қой:

«Көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол болады». (А. Байтұрсынұлы)

1. Ән өнері

2. Сөз өнері
3. Би өнері
4. Сурет өнері
5. Сәулет өнері

8. «Маса», «Қырық мысал», «Тіл – құрал» еңбектерін жазған кім?

1. Ш. Құдайбердіұлы
2. М. Жұмабаев
3. М. Дулатов
4. А. Байтұрсынұлы
5. Ж. Аймауытов

9. «Қазақтың ұлы ақыны, аудармашы. Жалпы саны 45 қарасөзі бар» деген жолдар кімге қатысты айтылған?

1. Ы. Алтынсаринге
2. А. Құнанбаевқа
3. С. Торайғыровқа
4. А. Байтұрсынұлына
5. Ж. Аймауытовқа

10. «Ақын, аудармашы, драматург. «Құлагер» шығармасын жазған» деген жолдар кімге қатысты?

1. Б. Майлинге
2. І. Жансүгіровке
3. М. Дулатовқа
4. А. Байтұрсынұлына
5. Ж. Аймауытовқа

11. *Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.* Осы сөздер қай шығарманы есіңе түсіреді?

1. А. Құнанбаев. «Ғылымға көңіл бөлсеңіз».
2. Ы. Алтынсарин. «Өнер-білім бар жұрттар».
3. А. Байтұрсынұлы. «Оқуға шақыру».

4. *І. Жансүгіров. «Күн шыққанда».*

5. *Ш. Құдайбердіұлы. «Адамдық – борышың».*

12. *«Бір сөзбен айтсам: өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, өзіме ұқсайды». Кім туралы?*

1. С. Бегалин
2. М. Иманжанов
3. Ө. Тұрманжанов
4. Б. Соқпақбаев
5. Т. Молдағалиев

13. *Кішіпейіл болу туралы қай мақалда айтылған?*

1. Әдепті бала – арлы бала.
2. Өтірік өрге баспайды.
3. Ұрлық, ұрлық түбі – қорлық.
4. Ақыл азбайды, білім тозбайды.
5. Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені.

14. *Батырлық, қаһармандық, ерлік істер мадақталатын халық шығармасын ата.*

1. Тұрмыс-салт жырлары
2. Бесік жыры
3. Өтірік өлеңдер
4. Батырлар жыры
5. Бата

15. *Көбіне құрметті ақсақалдар, атақты адамдар айтатын тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.*

1. Тұрмыс-салт жырлары
2. Бесік жыры
3. Өтірік өлеңдер
4. Батырлар жыры
5. Бата

16. Ұйқасы □, □, ○, □ сызбаға құрылған өлең жолдарын тап.

1. Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
2. Қымбатты қаламыз,
Сымбатты қаламыз.
Қызыға қараңыз,
Туған үй санаңыз.
3. Шаршы топпен жалғасып,
Күмбірлетіп күй салсақ.
Он пернені дәл басып,
Ойнақтаған он саусақ.
4. Ерлік пенен жыр егіз,
Оны жастан білеміз.
Біз Тоқтардың есімін
Ту ғып ұстап жүреміз.
5. Шырт ұйқыда жатқанда
Шырылдайды торғайым.
Ұйқыны ашты, оятты.

17. Ертегіні белгіле.

1. Алтын мүйізді киік
2. Алмастың ағашы
3. Шегіртке мен құмырсқа
4. Қобыланды батыр
5. Бесік жыры

18. *Сарғылт тартып жапырақ,
Алма піскен албырап ...
Шөптер құрап қалған.*

Қай жыл мезгілі суреттелген?

1. Қыс
2. Жаз
3. Күз
4. Көктем
5. Жаздың басы

19. « – *Айтсын. Жақсылығы бірге болсын!*». Қандай мерекеде айтылады?

1. Жаңа жыл
2. Айт күндері
3. Жеңіс күні
4. Аналар күні
5. Тәуелсіздік күні

20. *Мөлдір, тұнық, ағады, ішеді, тазалайды.* Нені сипаттайтын сөздер?

1. Ауа
2. Жер
3. Су
4. Орман
5. Тау



Сөздік

Алдаспан – қылыш.

Аспан егіледі – аспан жылағандай күйге түседі.

Атәбзелдері – атқа міну үшін және шаруашылықта пайдалану үшін қолданылатын құрал-жабдық түрлері.

Бастау – жерасты суларының жер бетіне шығатын көзі. Оны «бұлақ» деп те атайды.

Безек қағады – жаны ауырады, шырылдайды.

Безеріп – қатігезденіп, жек көріп.

Бейхабар – хабарсыз.

Бұйымтай – өтініш.

Ғарыш – ауасыз кеңістік, аспан әлемі.

Естелік – өмірде шынайы болған атақты тұлғалар мен оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың баяндап беруі.

Жанабында – маңайында.

Жарнама – ақпаратты тиімді бағытта тарату.

Жасымаған – көңілі босамаған, әлсіздік көрсетпеген.

Зымыран – ғарыш кемесі.

Көде – шөптің аты.

Көк өрімдей – жап-жас.

Көл тынып – көл тып-тыныш күйге түсіп.

Кілең – барлығы, түгелдей.

Қатуланған – ашуланған, кектенген.

Қауіп – қорқыныш, қатер.

Қаһар – ашу, ыза.

Қоғажай – орман ішінде, тоғайда өсетін шипалы өсімдік.

Қүдіреті – күші, қасиеті.

Қынарда – жағасында.

Қыпшақ – рудың аты.

Мәрмәр – құрылыста пайдаланылатын сәнді жылтыр тас.

Моделі – бейнесі, үлгісі.

Пафос – ерекше шабыт пен көтеріңкі көңіл күй.

Раң – шөптің аты.

Сауалнама – берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ақпараттар жинау.

Сөз өнері – бір нәрсе туралы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білу
(*А. Байтұрсынұлы*)

Сіміріп – тоқтамастан ішу.

Сюжет – шығармадағы оқиғалар тізбегі.

Талма түс – күннің төбеге келген кезі.

Таралғы – атөбзелі.

Тартады – жасайды.

Тау мүлгіп – тау ұйқыға кетіп.

Ұшып-қону – ұшқалақ.

Үрмет – атақ, даңқ, құрмет.

Фантастикалық шығарма – өмір шындығына қиял элементтері қосылып суреттелетін шығарма.

Шайыр – суырыпсалма ақын.

Шаһар, шәрі – қала.

Шешендік сөздер – терең оймен, шебер тілмен айтылатын халық шығармасы.

Шығарманың құрылымы (композициясы) – мәтіндегі негізгі ойдың басталуы, жалғасуы, аяқталуы.

Ынтызарлық – сағыныш, құштарлық.

Жұмбақтар мен сөзжұмбақтардың шешуі

16-бетте: домбыра.

49-бетте: ықыласпен, балалар, оқысаңыз, шырақ, сиса, тайса.

53-бетте: Абай, бала, тақпақтап, үйден, әжесі, бойы, Ұлжан, ынтыға.

103-бетте: су, мұз, бұршақ, қар.

120-бетте: ата, ана, бала.

127-бетте: майданда, сәулеті, нар, шын, үшін, көгерер.



МАЗМҰНЫ

ӨНЕР

49-сабақ. Өнер алды – қызыл тіл	4
Қарлығаш әулие.....	4
50-сабақ. Өнер алды – қызыл тіл	5
Бала – бауыр етің (<i>Аңыз-әңгіме</i>).....	6
51-сабақ. Өнер алды – қызыл тіл	8
Әйтеке бидің шешендігі	9
52-сабақ. Шешеннің сөзі ортақ	11
Өнет баба өсиеті. <i>Балтабай Адамбаев</i>	11
53-сабақ. Асыл сөз.....	13
Асыл сөз. <i>Абдырахман Асылбек</i>	14
54-сабақ. Күй құдіреті	16
Күй құдіреті	17
55-сабақ. Өн өнері.....	19
Аққұс туралы аңыз. <i>Оразбек Бодықов</i>	19
56-сабақ. Сурет салу – өнер	22
Бәрібір өкінбеймін. <i>Марат Қабанбай</i>	23
Сурет салу – өнер. <i>Ақылбек Шаяхмет</i>	24
57-сабақ. Қазақ биі.....	26
Қазақ биі. <i>Шара Жиенқұлова</i>	26
Өнерпаздар. <i>Әдібай Табылды</i>	28
58-сабақ. Шебердің қолы ортақ.....	28
Зергер. <i>Фариза Оңғарсынова</i>	29
Тобылғы. <i>Бауыржан Жақып</i>	30
59-сабақ. Ат – ер қанаты.....	31
Атқа міндім. <i>Қастек Баянбай</i>	31
60-сабақ. Атқа міну – өнер.....	34
Мен де атқа міне аламын. <i>Алан Маршалл</i>	34
61-сабақ. Ойнай білу де – өнер.....	38
Елдестің ойыны. <i>Оспанхан Әубәкіров</i>	39
62-сабақ. Өнер-білім бар жұрттар.....	41
Өнер-білім бар жұрттар. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	41
63-сабақ. Нені үйрендім?.....	42

АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР

64-сабақ. Ғұлама ғалым	45
Сағыныш сазы	45
65-сабақ. Хан Абылай.....	47
Хан Абылай атандың. <i>Бұқар жырау</i>	47
66-сабақ. Алғашқы ұстаз.....	49
Алғашқы қоңырау. <i>Ғафу Қайырбеков</i>	49
67-сабақ. Қазақтың бас ақыны.....	51
Бала Абай. <i>Мұхтар Әуезов</i>	51
68-сабақ. Халық поэзиясының алыбы.....	54
Жәкем. <i>Ділдахан Жамбылова</i>	54
Шәкірт балаларға. <i>Жамбыл Жаббаев</i>	56
69-сабақ. Күй атасы.....	57
Құрманғазы. <i>Ахмет Жұбанов</i>	57
70-сабақ. Күш атасы	60
Балуан. <i>Әуелбек Қоңыратбаев</i>	60
71-сабақ. Халық ұстазы	63
Бала Ахмет. <i>Қоғабай Сәрсекеев</i>	64
72-сабақ. Кейіпкер портреті.....	65
Аяулы Жақаң. <i>Асқар Дулатов</i>	65
73-сабақ. Қазақтың бұлбұлы.....	68
Күләш. <i>Қанабек Байсейітов</i>	68
74-сабақ. Батыр ата	70
Батырдың мінезі. <i>Нығмет Ғабдуллин</i>	71
75-сабақ. Пулемётші батыр қыз	73
Мәншүк. <i>Сәду Машақов</i>	73
76-сабақ. Мерген қыз.....	74
Әлия. <i>Сағи Жиенбаев</i>	75
77-сабақ. Тұңғыш ғарышкер.....	76
Тоқтар батыр. <i>Тұманбай Молдағалиев</i>	76
Ұшты зымыран аспанға. <i>Бүркіт Ысқақов</i>	77
78-сабақ. Нені үйрендім?.....	78

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

79-сабақ. Су – тіршілік көзі	80
------------------------------------	----

Ақбас торғай (<i>Ертегі</i>)	80
80-сабақ. Өзеннің пайдасы.....	83
Өзен. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	84
81–82-сабақтар. Таза бұлақ	85
Таза бұлақ. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	85
83-сабақ. Судың қасиеті	88
Көкқұтанның ақылы. <i>Пошшо Қожа</i>	88
84-сабақ. Суды қалай ішеді?	89
Жануарлар суды қалай ішеді? <i>Сейіл Боранбаев</i>	90
85-сабақ. Жаңбыр.....	92
Жаңбыр жауды. <i>Нұрсұлтан Әлімқұлов</i>	92
Нәсер. <i>Адырбек Сопыбеков</i>	93
86-сабақ. Жаңбырдың пайдасы	94
Ақ жаңбыр (<i>Мысал</i>). <i>Жәнібек Кәрбозин</i>	95
87-сабақ. Көлде	97
Көл жағасында. <i>Зейнолла Шүкіров</i>	97
Көлде. <i>Ғабит Мүсірепов</i>	98
88-сабақ. Бұлақ көрсең, көзін аш.....	100
Райымбек бастауы. <i>Жолдасбай Тұрлыбаев</i>	101
89-сабақ. Судың пайдасы.....	103
Суыр сұңқар, су қайда? (<i>Ертегі</i>).....	103
90-сабақ. Ғажайып өлем.....	106
Адам-балық. <i>Александр Беляев</i>	106
91-сабақ. Ғажайып өлем (<i>жалғасы</i>)	109
Адам-балық (<i>жалғасы</i>). <i>Александр Беляев</i>	109
92-сабақ. Судың да сұрауы бар.....	111
Нағыз адам. <i>Василий Сухомлинский</i>	111
93-сабақ. Нені үйрендім?.....	113

ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

94-сабақ. Тәуелсіздік күні	115
Бостандық таңы атты. <i>Шәкәрім Құдайбердіұлы</i>	115
95-сабақ. Ана тіліне тағзым.....	116
Ана тіліне тағзым. <i>Мұзафар Әлімбаев</i>	116
Сүйемін. <i>Сұлтанмахмұт Торайғыров</i>	117

96-сабақ. Отанымды сүйемін.....	118
Үш бақытым. <i>Мұқағали Мақатаев</i>	118
97-сабақ. Аналар мерекесі	120
Ардақты ана. <i>Әнуарбек Дүйсенбиев</i>	120
Қуаныш. <i>Әбді Шынбатыров</i>	121
98-сабақ. Наурыз келді!.....	123
Наурыз келді! <i>Темірхан Медетбек</i>	123
99-сабақ. Айт құтты болсын!.....	125
Айт. <i>Сұлтанмахмұт Торайғыров</i>	125
Айт күндері. <i>Бейімбет Майлин</i>	125
100-сабақ. Жеңіс күні	127
Жеңіс күні. <i>Қайрат Жұмағалиев</i>	128
Бейбітшілік болса. <i>Жұматай Жақыпбаев</i>	129
101-сабақ. Нені үйрендім?	129
102-сабақ. Жыл бойы өткенді қайталау	130
Сөздік	136
Жұмбақтар мен сөзжұмбақтардың шешуі	138



О қ у б а с ы л ы м ы

**Қабатай Бидана Тұрсынханқызы
Зейнетоллина Үміт Көбестайқызы
Қалиева Венера Амангелдіқызы**

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*

Суретшісі *Б. Ералиева*

Фотосуреттерді түсірген *А. Устиненко*

Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Е. Амангелді*

Компьютерде беттегендер *Э. Омарова, Д. Айтжанов*

ИБ № 007

Теруге 17.01.2018 берілді. Басуға 28.04.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100¹/₁₆.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 11,7.
Есептік баспа табағы 5,72. Таралымы 200 000 дана. № 3379 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

